

**«ЭЙР АСТАНА»
АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ**

**Ықшамдалған шоғырландырылған
аралық қаржылық ақпарат
2025 жылғы 30 маусымда
аяқталған алты ай кезең бойынша
(аудиттелмеген)**

«ЭЙР АСТАНА» АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ

МАЗМҰНЫ

	Бет
2025 ЖЫЛҒЫ 30 МАУСЫМДА АЯҚТАЛҒАН АЛТЫ АЙ КЕЗЕҢ БОЙЫНША ЫҚШАМДАЛҒАН АРАЛЫҚ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ АҚПАРАТТЫ ДАЙЫНДАУ ЖӘНЕ БЕКІТУ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ ТУРАЛЫ БАСШЫЛЫҚ РАСТАМАСЫ	1
ЫҚШАМДАЛҒАН АРАЛЫҚ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ АҚПАРАТТЫ ШОЛЫП ТЕКСЕРУ БОЙЫНША ТӘУЕЛСІЗ АУДИТОРЛАРДЫҢ ЕСЕБІ	2-3
2025 ЖЫЛҒЫ 30 МАУСЫМДА АЯҚТАЛҒАН АЛТЫ АЙ КЕЗЕҢ БОЙЫНША ЫҚШАМДАЛҒАН АРАЛЫҚ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ АҚПАРАТ:	
Пайда немесе залал туралы ықшамдалған аралық шоғырландырылған есеп (аудиттелмеген)	4
Өзге жиынтық кіріс туралы ықшамдалған аралық шоғырландырылған есеп (аудиттелмеген)	5
Қаржылық жағдай туралы ықшамдалған аралық шоғырландырылған есеп (аудиттелмеген)	6
Меншікті капиталдағы өзгерістер туралы ықшамдалған аралық шоғырландырылған есеп (аудиттелмеген)	7
Ақша қаражаттарының қозғалысы туралы ықшамдалған аралық шоғырландырылған есеп (аудиттелмеген)	8-9
Ықшамдалған аралық шоғырландырылған қаржылық ақпаратқа ескертулер (аудиттелмеген)	10-43

2025 ЖЫЛҒЫ 30 МАУСЫМДА АЯҚТАЛҒАН АЛТЫ АЙ КЕЗЕҢ БОЙЫНША ЫҚШАМДАЛҒАН АРАЛЫҚ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ АҚПАРАТТЫ ДАЙЫНДАУ ЖӘНЕ БЕКІТУ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ ТУРАЛЫ БАСШЫЛЫҚ РАСТАМАСЫ

Топ басшылығы «Эйр Астана» акционерлік қоғамының (бұдан әрі - «Компания») және оның еншілес кәсіпорының (бұдан әрі - «Топ») 2025 жылғы 30 маусымдағы жағдай бойынша ықшамдалған аралық шоғырландырылған қаржылық ақпаратын, сондай-ақ көрсетілген күні аяқталған үш және алты ай кезең үшін оның шоғырландырылған қызмет нәтижелерін, ақша қаражатының қозғалысын және капиталдағы өзгерістерін 34-ші «Аралық қаржылық есептілігі» Халықаралық қаржылық есептілік стандартына (әрі қарай - «34 ХҚЕС») сәйкес дайындауға және ұсынуға жауап береді.

Ықшамдалған аралық шоғырландырылған қаржылық ақпаратты дайындау кезінде басшылық келесіге жауапты:

- Есеп саясаты қағидаттарының дұрыс таңдалуын және қолданылуын қамтамасыз етуге;
- Ақпараттың, соның ішінде есеп саясаты туралы деректердің осындай ақпараттың орындылығын, растығын, салыстырмалылығын және түсініктілігін қамтамасыз ететін нысанда ұсынуға;
- Қаржылық есептіліктің халықаралық стандарттары жөніндегі кеңес шығарған ХҚЕС стандарттарының (ХҚЕС стандарттары) талаптарын орындау есептілікті пайдаланушылардың қандай да бір мәмілелердің, сондай-ақ өзге оқиғалардың немесе шарттардың Топтың қаржылық жағдайына және қызметінің қаржылық нәтижелеріне ықпал етуін түсінуі үшін жеткіліксіз болған жағдайда, қосымша ақпаратты ашуға;
- Топтың өз қызметін одан әрі жалғастыра алатындығын бағалауға.

Басшылық сондай-ақ келесіге жауапты:

- Топтың барлық бөлімшелерінде ішкі бақылаудың тиімді және сенімді жүйесінің жасалуына, ендірілуіне және сүйемелденуіне;
- Есепті Топтың мәмілелерін ашуға және түсіндіруге, сондай-ақ кез келген күнге Топтың қаржылық жағдайы туралы жеткілікті дәл ақпарат беруге және ықшамдалған аралық шоғырландырылған қаржылық ақпараттың 34 ХБЕС— (IAS) талаптарына сәйкестігін қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін нысанда жүргізілуіне;
- Бухгалтерлік есептің Қазақстан Республикасының заңнамасына және ХҚЕС стандарттарына сәйкес жүргізілуіне;
- Топ активтерінің сақталуын қамтамасыз ету жөніндегі барлық қиынды мүмкін шаралардың қабылдануына; және
- Қаржылық және өзге теріс пайдаланушылық фактілерін анықтауға және оларды алдын алуға.

2025 жылғы 30 маусымда аяқталған алты ай кезең бойынша ықшамдалған аралық шоғырландырылған қаржылық ақпаратын Топ басшылығы 2025 жылғы 5 тамызда бекітті.

Топ Басшылығының атынан

Питер Фостер
Бас атқарушы директоры

2025 жылғы 5 тамыз
Алматы қаласы
Қазақстан Республикасы



Ибрагим Жанлыел
Қорытынды жөніндегі атқарушы директоры

2025 жылғы 5 тамыз
Алматы қаласы
Қазақстан Республикасы

Сауле Хасенова
Бас бухгалтер

2025 жылғы 5 тамыз
Алматы қаласы
Қазақстан Республикасы

Аралық қаржылық ақпаратты шолып тексерудің нәтижелері жөніндегі есеп

«Эйр Астана» АҚ-ның Акционерлеріне, Директорлар кеңесі мен Басшылығына

Кіріспе

Біз «Эйр Астана» АҚ-ның және оның еншілес ұйымының (бұдан әрі «Топ») қоса беріліп отырған аралық қысқартылған шоғырландырылған қаржылық есептілігіне шолып тексеруді жүргіздік, әрі ол 2025 жылғы 30 маусымдағы жағдай бойынша қаржылық жағдай туралы аралық қысқартылған шоғырландырылған есептен, көрсетілген күнге аяқталған алты ай үшін пайда және зиян туралы аралық қысқартылған шоғырландырылған есептен, басқа да жиынтық кіріс туралы аралық қысқартылған шоғырландырылған есептен, меншікті капиталдағы өзгерістер туралы аралық қысқартылған шоғырландырылған есептен және ақша қаражатының қозғалысы туралы аралық қысқартылған шоғырландырылған есептен, сондай-ақ іріктелген түсіндірме ескертпелерден («аралық қаржылық ақпарат») тұрады. Басшылық «Аралық қаржылық есептілік» 34 (IAS) Халықаралық қаржылық есептілік стандартына сәйкес осы аралық қаржылық ақпаратты дайындау және оны ұсыну үшін жауапкершілік көтереді. Біздің жауапкершілігіміз жүргізілген шолып тексеруіміздің негізінде осы аралық қаржылық ақпарат жөнінде тұжырымды қалыптастыру болып табылады.

Шолып тексеру көлемі

Біз шолып тексеруді «Ұйымның тәуелсіз аудиторы орындайтын аралық қаржылық ақпаратты шолып тексеру» 2410 Шолып тексерулердің халықаралық стандартына сәйкес жүргіздік. Аралық қаржылық ақпаратты шолып тексеруге ең алдымен қаржы мәселелері мен бухгалтерлік есеп мәселелеріне жауапты тұлғаларға сұратуларды жолдау, сондай-ақ шолып тексеруге жататын талдау және өзге де рәсімдерді қолдану кіреді. Шолып тексерудің көлемі Халықаралық аудит стандартына сәйкес жүргізілетін аудит көлемінен айтарлықтай аз болады және сондықтан шолып тексеру аудит процесінде анықталуы мүмкін барлық маңызды мәселелер бізге мәлім болатындығына сенімді болуымызға мүмкіндік бермейді. Тиісінше, біз аудиторлық пікірімізді білдірмейміз.

Тұжырым

Жүргізілген шолып тексеруіміздің негізінде қоса беріліп отырған аралық қаржылық ақпарат барлық елеулі аспектілерде «Аралық қаржылық есептілік» 34 (IAS) Халықаралық қаржылық есептілік стандартына сәйкес дайындалмады деп пайымдауға болатындай негіздеме ретінде болуы мүмкін фактілер анықталмады.

Маңызды жағдайлар

Аралық қысқартылған шоғырландырылған қаржылық есептілікке 2-ескертпеде сипатталғандай, теңгемен көрсетілген аралық қысқартылған шоғырландырылған қаржылық есептілікті Топ АҚШ долларында көрсетілген аралық қысқартылған шоғырландырылған қаржылық есептілікке қосымша дайындады. Біз АҚШ долларында көрсетілген аралық қысқартылған шоғырландырылған қаржылық есептілікке шолып тексеруді жүргіздік және 2025 жылғы 5 тамызда жасалған шолып тексерудің нәтижелері бойынша есебімізді шығардық. Біз осы мәселеге орай түрлендірілген пікірімізді білдіріп отырған жоқпыз.

Басқа да мәліметтер

Топтың 2024 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылғы шоғырландырылған қаржылық есептілігінің аудитін 2025 жылғы 13 наурыздағы бұл есептілік туралы түрлендірілмеген пікірін білдірген басқа аудитор жүргізді.

Топтың 2024 жылғы 30 маусымда аяқталған үш және алты айдағы аралық қысқартылған шоғырландырылған қаржылық есептілігіне шолып тексеруді 2024 жылғы 4 тамызда бұл есептілік туралы түрлендірілмеген пікірін білдірген басқа аудитор жүргізді.

Біз 2025 жылғы 30 маусымда аяқталған үш ай үшін пайда және зиян туралы аралық қысқартылған шоғырландырылған есепке және басқа жиынтық кіріс туралы аралық қысқартылған шоғырландырылған есепке шолып тексеруді жүргізген жоқпыз.

„Эрнст энд Янг“ ЖШС

Пол Кон
Аудит жөніндегі партнер

Динара Малаева
Аудитор

Аудитордың 2016 жылғы 25 ақпандағы
№МФ-0000323 біліктілік куәлігі

А15ЕЗН4, Қазақстан Республикасы, Алматы қ.
Әл-Фараби даңғылы, 77/7, «Есентай Тауэр» ғимараты

2025 жылғы 5 тамыз

Рустамжан Саттаров
«Эрнст энд Янг» ЖШС-тің
Бас директоры

Қазақстан Республикасы Қаржы
министрлігі 2005 жылғы 15 шілдеде берген
сериясы МФЮ-2 №00000003 болатын
Қазақстан Республикасының аумағында
аудиторлық қызметпен айналысуға
арналған мемлекеттік лицензия

(мың қазақстандық теңгемен)

Топ Басшылығынын атынан;

Алматы қаласы, Қазақстан Республикасы

Астана қаласы, Қазақстан Республикасы

Алматы қаласы, Қазақстан Республикасы

«ЭЙР АСТАНА» АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ
2025 ЖЫЛҒЫ 30 МАУСЫМДА АЯҚТАЛҒАН АЛТЫ АЙ КЕЗЕҢ БОЙЫНША
ӨЗГЕ ЖИЫНТЫҚ КІРІС ТУРАЛЫ ЫҚШАМДАЛҒАН ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН АРАЛЫҚ ЕСЕП АУДИТТЕЛМЕГЕН)
(мың қазақстандық теңгемен)

Ескерту	2025 ж.	2024 ж.	2025 ж.	2024 ж.
	30 маусымында аяқталған үш ай кезең (аудиттелмеген)	30 маусымында аяқталған үш ай кезең (аудиттелмеген)	30 маусымында аяқталған алты ай кезең (аудиттелмеген)	30 маусымында аяқталған алты ай кезең (аудиттелмеген)
Кезең ішіндегі пайда	9.242.446	7.411.998	5.396.807	2.191.461
Келесі кезеңдерде пайдаға немесе залалға қайта жіктелуге жатпайтын бағамдық айырмашылықтар	5.007.492	8.217.365	(2.882.433)	6.465.631
<i>Кейінгі кезеңдерде пайданың немесе залалдың құрамына қайта жіктелуге жататын өзге жиынтық кіріс (салықты шегергенде)</i>				
Ақша ағындарын хеджирлеу – әділ құн өзгерістерінің тиімді бөлігі	(192.150)	41.499	(116.384)	411.124
Ақша ағындарын хеджирлеуге байланысты корпоративтік табыс салығы – әділ құн өзгерістерінің тиімді бөлігі	38.430	(8.300)	23.277	(82.225)
Ақша ағындарын хеджирлеу құралдары бойынша іске асырылған залал	1.182.037	1.421.933	2.170.678	2.842.819
Хеджирлеу құралдары бойынша өткізілген таза шығын бойынша салық әсері	(236.502)	(284.297)	(434.136)	(568.474)
	791.815	1.170.835	1.643.435	2.603.244
Табыс салығы шегерілгеннен кейінгі кезеңдегі өзге жиынтық кіріс	5.799.307	9.388.200	(1.238.998)	9.068.875
Кезең ішіндегі жиынтық кіріс	15.041.753	16.800.198	4.157.809	11.260.336

«ЭЙР АСТАНА» АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ
2025 ЖЫЛҒЫ 30 МАУСЫМДА АЯҚТАЛҒАН АЛТЫ АЙ КЕЗЕҢ БОЙЫНША
ҚАРЖЫЛЫҚ ЖАҒДАЙ ТУРАЛЫ ЫҚШАМДАЛҒАН ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН АРАЛЫҚ ЕСЕП
(АУДИТТЕЛМЕГЕН)
(мың қазақстандық теңгемен)

	Ескерту	30 маусым 2025 ж. (аудиттелмеген)	31 желтоқсан 2024 ж.
АКТИВТЕР			
Ұзақ мерзімді активтер			
Негізгі құралдар	11	603.322.826	558.341.061
Материалдық емес активтер		3.387.014	3.160.112
Ұзақ мерзімді активтер үшін берілген алғы төлемдер	15	13.694.073	10.287.430
Кепілдікті салымдар	13	21.018.399	20.319.131
Сауда және өзге дебиторлық берешек	16	523.277	330.819
Кейінге қалдырылған салық активтері	10	31.492.782	25.521.921
		673.438.371	617.960.474
Ағымдағы активтер			
Тауар-материалдық қорлар	14	34.000.565	34.724.999
Берілген алғы төлемдер	15	17.894.843	15.905.582
Табыс салығы бойынша алдын ала төлем		7.657.415	6.825.905
Сауда және өзге дебиторлық берешек	16	24.042.184	10.922.813
Басқа салықтар бойынша алдын-ала төлем	17	10.977.395	7.242.317
Кепілдікті депозиттер	13	2.365.921	1.700.831
Басқа қаржылық активтер		55.082	158.583
Ақша қаражаты және оның баламалары	18	276.235.947	256.622.307
		373.229.352	334.103.337
Активтер жиыны		1.046.667.723	952.063.811
МЕНШІКТІ КАПИТАЛ МЕН МІНДЕТТЕМЕЛЕР			
Меншікті капитал			
Акционерлік капитал	19	56.758.223	5.6758.223
Қосымша төленген капитал		48.996	48.996
Басқа резервтер		(1.197.340)	1.455.281
Сатып алынған акциялар		(1.546.878)	(3.952.306)
Есептілік валютасын қайта есептеу резерві		38.572.982	40.842.148
Хеджирлеу құралдары бойынша резерв, салықты шегере отырып		(935.787)	(1.965.955)
Бөлінбеген пайда		100.311.983	113.985.260
Меншікті капитал жиыны		192.012.179	207.171.647
Ұзақ мерзімді міндеттемелер			
Қарыздар	24	2.744.738	273.582
Жалға алу бойынша міндеттемелер	24	421.372.958	376.385.720
Әуе кемелеріне техникалық қызмет көрсету резерві	22	171.413.647	152.211.535
Басқа ұзақ мерзімді міндеттемелер		498.854	429.540
		596.030.197	529.300.377
Ағымдағы міндеттемелер			
Сауда және өзге кредиторлық берешек	23	76.582.984	61.344.401
Қарыздар	24	314.382	29.406
Жалға алу бойынша міндеттемелер	24	95.810.184	90.259.057
Болашақ кезеңдердің кірістері	21	73.498.401	47.155.403
Әуе кемелеріне техникалық қызмет көрсету резерві	22	9.626.331	13.269.005
Төлеуге жататын табыс салығы		2.793.065	3.534.515
		258.625.347	215.591.787
Міндеттемелер жиыны		854.655.544	744.892.164
Меншікті капитал мен міндеттемелер жиыны		1.046.667.723	952.063.811
Акциялардың баланстық құны (теңгемен)*		532.071	579.763

* Бір жай акцияның баланстық құнын ұсыну ХҚЕС-ке жатпайды және KASE талабы мен ережелері бойынша ашылып көрсетіледі.

2025 жылғы 30 маусымдағы және 2024 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша жай акциялардың саны сәйкесінше 354.511.264 және 351.887.760 болды.

«ЭЙР АСТАНА» АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ

2025 ЖЫЛҒЫ 30 МАУСЫМДА АЯҚТАЛҒАН АЛТЫ АЙ КЕЗЕҢ БОЙЫНША

МЕНШІКТІ КАПИТАЛДАҒЫ ӨЗГЕРІСТЕР ТУРАЛЫ ЫҚШАМДАЛҒАН ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН АРАЛЫҚ ЕСЕП (АУДИТТЕЛМЕГЕН)

(мың қазақстандық теңгемен)

Ескерту	Акционерлік капитал	Қазынашылық акциялар	Басқа резервтер	Қосымша төленген капитал	Хеджирлеу құралдары бойынша резерв	Есептілік валютасын қайта есептеу резерві	Бөлінбеген пайда	Меншікті капитал жиыны
2024 ж. 1 қаңтары	2.501.550	—	—	48.996	(5.489.830)	12.323.792	87.599.957	96.984.465
Кезең ішіндегі пайда (аудиттелмеген)	—	—	—	—	—	—	2.191.461	2.191.461
Өзге жиынтық кіріс:								
Ақша ағындарын хеджирлеу құралдары бойынша іске асырылған залал және отын бойынша колл-опциондардың әділ құны өзгерістерінің тиімді бөлігі, салық шегерісінен кейін (аудиттелмеген)	—	—	—	—	2.603.244	—	—	2.603.244
Басқа валюталардан қайта есептеу кезіндегі бағамдық айырмалар	—	—	—	—	(591.093)	7.056.724	—	6.465.631
Кезең ішіндегі жалпы жиынтық кіріс (аудиттелмеген)	—	—	—	—	2.012.151	7.056.724	2.191.461	11.260.336
Акциялар шығару (аудиттелмеген)	1 54.256.673	—	—	—	—	—	—	54.256.673
Шығарылым шығыстары	—	—	(1.363.228)	—	—	—	—	(1.363.228)
Сатып алынған қазынашылық акциялар	19 —	(1.115.254)	—	—	—	—	—	(1.115.254)
Акциялар бойынша есептелген акцияларға негізделген төлемдер бағдарламасы	20 —	—	1.379.453	—	—	—	—	1.379.453
2024 ж. 30 маусымы (аудиттелмеген)	56.758.223	(1.115.254)	16.225	48.996	(3.477.679)	19.380.516	89.791.418	161.402.445
2025 ж. 1 қаңтары	56.758.223	(3.952.306)	1.455.281	48.996	(1.965.955)	40.842.148	113.985.260	207.171.647
Кезең ішіндегі пайда (аудиттелмеген)	—	—	—	—	—	—	5.396.807	5.396.807
Өзге жиынтық кіріс:								
Ақша ағындарын хеджирлеу құралдары бойынша іске асырылған залал және отын бойынша колл-опциондардың әділ құны өзгерістерінің тиімді бөлігі, салық шегерісінен кейін (аудиттелмеген)	—	—	—	—	1.643.435	—	—	1.643.435
Басқа валюталардан қайта есептеу кезіндегі бағамдық айырмалар	—	—	—	—	(613.267)	(2.269.166)	—	(2.882.433)
Кезең ішіндегі жалпы жиынтық кіріс (аудиттелмеген)	—	—	—	—	1.030.168	(2.269.166)	5.396.807	4.157.809
Жарияланған дивидендтер (аудиттелмеген)	19 —	—	—	—	—	—	(19.070.084)	(19.070.084)
Акцияларға негізделген төлемдер бойынша үлестік құралдарға құқықтарды беру	20 —	2.638.011	(2.701.168)	—	—	—	—	(63.157)
Сатып алынған қазынашылық акциялар (аудиттелмеген)	19 —	(232.583)	—	—	—	—	—	(232.583)
Акцияларға негізделген, акциялар бойынша есептелетін төлемдер бағдарламасы	20 —	—	211.029	—	—	—	—	211.029
Акцияларға негізделген төлемдер бойынша жойылған құқықтар			(162.482)					(162.482)
2025 ж. 30 маусымы (аудиттелмеген)	56.758.223	(1.546.878)	(1.197.340)	48.996	(935.787)	38.572.982	100.311.983	192.012.179

«ЭЙР АСТАНА» АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ

2025 ЖЫЛҒЫ 30 МАУСЫМДА АЯҚТАЛҒАН АЛТЫ АЙ КЕЗЕҢ БОЙЫНША

АҚША ҚАРАЖАТЫНЫҢ ҚОЗҒАЛЫСЫ ТУРАЛЫ ЫҚШАМДАЛҒАН ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН АРАЛЫҚ ЕСЕП (АУДИТТЕЛМЕГЕН)

(мың қазақстандық теңгемен)

		2025 ж. 30 маусымында аяқталған алты ай кезең (аудиттелмеген)	2024 ж. 30 маусымында аяқталған алты ай кезең (аудиттелмеген)
ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТ			
Салық салуға дейінгі пайда		5.955.194	3.166.954
Түзетулер:			
Негізгі құралдар мен материалдық емес активтердің тозуына және амортизациясына	12	56.144.284 (7.392.744)	41.139.570 (2.531.967)
Негізгі құралдар мен қорларды сатудан түскен кіріс			
Берілген алғы төлемдер, сауда дебиторлық берешек, кепілдікті депозиттер және ақша қаражаты мен оның баламаларының құнсыздануы бойынша резервтегі өзгерістер	13, 15, 16, 18	13.358	(163.897)
Өтпейтін тауар-материалдық қорлар резерві	14	941.227	(100.583)
Демалыстар резервінің өзгеруі	23	1.201.708	719.349
Әуе кемелеріне техникалық қызмет көрсету резервінің өзгеруі	22	24.864.181	20.271.829
Клиенттердің сенімділігі бағдарламасы бойынша резервтің өзгеруі	21	67.354	1.076.778
Бағамдық айырмадан болған шығын, нетто		2.476.873	3.805.301
Қаржылық кірістер		(5.634.285)	(4.376.292)
Қаржылық шығыстар		20.387.112	12.606.330
Әуе кемесін мерзімнен бұрын қайтарудан түскен кіріс		—	(1.248.033)
Үлестік құралдарды есептей отырып, акцияларға негізделген төлемдер	20	50.175	1.379.453
Айналым капиталындағы өзгерістерге дейін операциялық қызметтен түскен ақша қаражаты		99.074.437	75.744.792
Сауда және өзге дебиторлық берешектердің өзгеруі		(12.515.951)	(8.484.453)
Алғы төлемдер мен берілген аванстардың өзгеруі		(6.198.635)	(210.596)
Тауар-материалдық қорлардың өзгеруі		(582.615)	287.829
Сауда және өзге кредиторлық берешектің және әуе кемелеріне техникалық қызмет көрсету бойынша резервтің өзгеруі		(7.998.371)	(5.682.945)
Болашақ кезендер кірістерінің өзгеруі		24.097.443	21.799.140
Басқа қаржылық активтердің өзгеруі		(19.009)	165.693
Операциялық қызметтен түскен ақша қаражаты		95.857.299	83.619.460
Төленген табыс салығы		(7.470.893)	(5.088.967)
Алынған сыйақы		5.634.285	4.376.292
Операциялық қызметтен түскен таза ақша қаражаты		94.020.691	82.906.785
ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТ			
Негізгі құралдарды сатып алу	7	(10.479.367)	(16.455.663)
Кері жалдау арқылы қозғағышты сатып алу	7	20.563.644	(4.145.011)
Негізгі құралдарды сатудан түсімдер		638.616	2.042.196
Материалдық емес активтерді сатып алу		(497.329)	(544.927)
Банк және кепілдік депозиттерін орналастыру		(1.843.921)	(1.904.343)
Банк және кепілдік депозиттерін өтеу		190.609	384.371
Инвестициялық қызметтен алынған (пайдаланылған) таза ақша қаражаты		8.572.252	(20.623.377)

«ЭЙР АСТАНА» АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ**2025 ЖЫЛҒЫ 30 МАУСЫМДА АЯҚТАЛҒАН АЛТЫ АЙ КЕЗЕҢ БОЙЫНША****АҚША ҚАРАЖАТТАРЫНЫҢ ҚОЗҒАЛЫСЫ ТУРАЛЫ ЫҚШАМДАЛҒАН ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН АРАЛЫҚ ЕСЕП (ЖАЛҒАСЫ) (АУДИТТЕЛМЕГЕН) (ЖАЛҒАСЫ)***(мың қазақстандық теңгемен)*

		2025 ж. 30 маусымында аяқталған алты ай кезең Ескерту	2024 ж. 30 маусымында аяқталған алты ай кезең
		(аудиттелмеген)	(аудиттелмеген)
ҚАРЖЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТ			
Жалдау төлемдері	24	(49.216.607)	(38.775.990)
Төленген сыйақы	24	(15.980.232)	(11.031.611)
Кері жалға алу арқылы сатудан алынған қосымша қаржыландыру мен қарыздарды қайтару	24	(107.267)	(17.091.494)
Алынған қарыздар	24	2.739.854	17.000.000
Қазынашылық акцияларды сатып алу	19	(232.583)	(1.115.254)
Акциялар шығарудан түсетін түсімдер	1	–	54.256.673
Төленген дивидендтер	19	(19.097.215)	–
Қаржылық қызметте пайдаланылған/(алынған) таза ақша қаражаты		(81.894.050)	3.242.324
АҚША ҚАРАЖАТЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ БАЛАМАЛАРЫНЫҢ ТАЗА ӨСУІ		20.698.893	65.525.732
Шетелдік валютада ұсталатын ақша қаражаттарына айырбасбағамдары өзгерістерінің әсері		31.854	(742.249)
Басқа валюталардан аудару айырмашылықтары		(4.155.448)	7.825.105
Күтілетін несиелік шығындар қозғалысының ақша қаражаты және оның баламаларына әсері		(1.028)	(898)
КЕЗЕҢ БАСЫНДАҒЫ АҚША ҚАРАЖАТЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ БАЛАМАЛАРЫ	18	256.622.307	124.552.167
КЕЗЕҢ СОҢЫНДАҒЫ АҚША ҚАРАЖАТЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ БАЛАМАЛАРЫ	18	276.235.947	197.159.857

1. ҚЫЗМЕТІНІҢ СИПАТЫ

«Эйр Астана» акционерлік қоғамы (бұдан әрі - «Компания») Қазақстан Республикасының Азаматтық Кодексінде айқындалған мағынада акционерлік қоғам болып табылады.

Компания Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 29 тамыздағы № 1118 қаулысына сәйкес 2001 жылғы 14 қыркүйекте жабық акционерлік қоғам ретінде құрылды. Заңнамаға 2003 жылы енгізілген өзгерістердің нәтижесінде 2005 жылғы 27 мамырда Компания акционерлік қоғам болып қайта тіркелді.

Компанияның 2019 жылғы қарашада сатып алынған «Эйр Қазақстан авиациялық компаниясы» АҚ еншілес кәсіпорны (бұдан әрі - «Еншілес кәсіпорын») бар. Бірлесіп олар бұдан әрі «Топ» деп аталады.

2024 жылдың қазан айында Еншілес компанияға Халықаралық әуе көлігі қауымдастығының (IATA) FS коды беріліп, 2024 жылдың 31 желтоқсанынан кейін жоспарланған жолаушылар рейстеріне билет сату басталды. 2024 жылғы желтоқсанда Еншілес компания өзінің алғашқы чартерлік рейсін орындады. 2024 жылғы қазанға дейін Еншілес к жолаушылар мен жүктерді тасымалдау бойынша операциялық қызметті жүзеге асырған жоқ. 2025 жылдан бастап Еншілес компания FlyArystan брендімен азаматтық авиация әуе кемелері арқылы жолаушылар мен жүктерді тасымалдау қызметін жүзеге асыра бастады.

2025 жылғы маусымда Топ толықтай өзіне тиесілі «Air Astana Terminal Services» ЖШС еншілес компаниясын құрды. 2025 жылғы 30 маусымда аяқталған кезең ішінде еншілес компания ешқандай қызметті жүзеге асырған жоқ.

Топтың негізгі қызмет түрі – ішкі және халықаралық жолаушылар әуе тасымалдары бойынша қызметтерді көрсету. Басқа қызметтерге жүк пен пошта тасымалдау жатады.

2025 жылғы 30 маусым мен 2024 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Топ жалға алынған 61 және 57 ұшақ көлемінде турбореактивті қозғалтқышы бар әуе кемесінен тұратын әуепаркін пайдаланды.

2024 жылғы 15 ақпанда Компания 55.256.673 мың теңге (121.112 мың АҚШ доллары) жинап акцияларды бастапқы жария орналастыруды («IPO») аяқтады. Компания акцияларды бір уақытта үш биржада орналастырды: Қазақстан қор биржасы, Астана халықаралық биржасы және Лондон қор биржасы. Бастапқы орналастырудан басқа, жұмыс істеп жатқан акционерлер «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ және «BAE Systems Kazakhstan Ltd.» өз акцияларын (немесе акцияларды білдіретін ҒДҚ) сатып, өз үлесін тиісінше 41% және 16,95%-ға дейін қысқартты. IPO-дан кейін басқа акционерлерде акциялардың 10%-дан аз болды және компанияда бұдан былай бақылаушы акционері жоқ. Акционерлердің ешқайсысы Компанияны бақылай алмайды.

2. ЕСЕП НЕГІЗДЕРІ

Қолданылатын стандарттарға сәйкестік туралы мәлімдеме

Бұл ықшамдалған шоғырландырылған аралық қаржылық ақпарат «Аралық қаржылық есептілік» 34 ХҚЕС-ке (IAS) сәйкес дайындалған. Осы ақпарат құрамына Топтың қаржылық жағдайындағы және 2024 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылғы жылдық шоғырландырылған қаржылық есептілік дайындағаннан кейін болған қызметінің нәтижелеріндегі өзгерістерді түсінуге қажетті маңызды оқиғалар мен операцияларды түсіндіретін таңдаулы ескертулер енгізілді. Аталған ықшамдалған шоғырландырылған аралық қаржылық ақпаратты жоғарыда аталған жылдық шоғырландырылған қаржылық есептілікпен бірге қарастыру қажет. Осы ықшамдалған шоғырландырылған аралық қаржылық ақпарат ашылып көрсетілуі Қаржылық есептіліктің халықаралық стандарттары жөніндегі кеңес шығарған ХҚЕС бухгалтерлік есеп стандарттарына (ХҚЕС бухгалтерлік есеп стандарттары) сәйкес дайындалған толық жылдық есептілік үшін қажет болатын барлық ақпарат қамтылмаған.

2. ЕСЕП НЕГІЗДЕРІ (жалғасы)

Сегменттік есептілік

Топта екі негізгі операциялық сегмент бар: Air Astana толық спектрлі бренд және FlyArystan бренді; олар тиімділікті бағалауды анықтауға және басшылықтың ресурстарды бөлуіне арналған ақпаратты қамтиды. Топ басшылығы сегменттер қызметінің нәтижелерін бағалау кезінде ХҚЕС стандарттарына сәйкес есептелген сегмент аралық жалдау әсерінен түзетілген операциялық пайданы қолданады.

Функционалдық валюта

Қазақстанның ұлттық валютасы қазақстандық теңге («теңге») болғанымен, Компанияның функционалдық валютасы ретінде АҚШ доллары анықталған. АҚШ доллары Компания қызметінің негізінде жатқан негізгі оқиғалар мен жағдайлардың экономикалық мән-жайын көрсетеді және Компания жұмыс істейтін негізгі экономикалық ортаның функционалдық валютасы болып табылады. Компанияның еншілес компаниясы FlyArystan-ның функционалдық валютасы ретінде АҚШ доллары анықталған.

Ықшамдалған аралық шоғырландырылған қаржылық ақпараттың баптарын бағалау үшін таңдалған валютадан басқа барлық валюталар шетелдік валюта ретінде қарастырылады. Тиісінше, АҚШ долларына жатпайтын транзакциялар мен қалдықтардың сомасы бухгалтерлік есептің тиісті стандарттарының талаптарына сәйкес АҚШ долларына аударылған.

Акционерлердің талабы бойынша Топ АҚШ долларымен және қазақстандық теңгемен ақпаратты ұсыну валютасымен қаржылық ақпараттың екі жиынтығын дайындайды, себебі акционерлер қос валюта да Топтың қаржылық ақпаратын пайдаланушылар үшін функционалды түрде пайдалы деп санайды. Топтың ықшамдалған шоғырландырылған аралық қаржылық ақпараты 2025 жылғы 30 маусымда аяқталған үш және алты айлық кезең үшін теңгемен ұсынылған. Теңгемен ұсынылған барлық сандық көрсеткіштер мыңға жуық дөңгелектелген.

3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ НЕГІЗГІ ҚАҒИДАТТАРЫ

Осы ықшамдалған шоғырландырылған аралық қаржылық ақпаратта қолданылатын есеп саясаты соңғы жылдық қаржылық есептілікті дайындау кезінде қолданылғанға сәйкес келеді.

Топ қабылдаған жаңа стандарттар, түсіндірмелер және түзетулер

Аралық ықшамдалған шоғырландырылған қаржылық есептілікті дайындау кезінде қабылданған есеп саясаты, 2025 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енген жаңа стандарттарды қоспағанда, 2024 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін Топтың жылдық шоғырландырылған қаржылық есептілігін дайындау кезінде қолданылған есеп саясатына сәйкес келеді. Топ шығарылған, бірақ әлі күшіне енген қандай да бір стандарттарды, түсіндірмелерді немесе түзетулерді мерзімінен бұрын қолданған жоқ. Бір түзету 2025 жылы алғаш рет қолданылып отыр, бірақ оның Топтың аралық ықшамдалған шоғырландырылған қаржылық есептілігіне әсері жоқ.

Айырбастау мүмкіндігінің болмауы — 21 ХҚЕС-ке (IAS) түзетулер

«Валюта бағамдары өзгерістерінің әсері» 21 ХҚЕС-ке (IAS) түзетулер валюта айырбасталатын болып табыла ма дегенді ұйым қалай бағалауы тиіс және айырбастау мүмкін болмаған жағдайда споттық айырбастау бағамын қалай анықтауы қажет екенін нақтылайды. Түзетулер сондай-ақ пайдаланушыларға валютаны басқа валютаға айырбастау мүмкін еместігінің ұйымның қаржылық нәтижелеріне, қаржылық жағдайына және ақша ағындарына қалай әсер ететіні немесе әсер етуі мүмкін екені туралы түсінік алуға мүмкіндік беретін ақпаратты ашуды талап етеді.

Түзетулер 2025 жылғы 1 қаңтардан немесе осы күннен кейін басталатын жылдық есептілік кезеңдері үшін күшіне енеді. Түзетулерді қолдану кезінде ұйым салыстырмалы ақпаратты қайта есептей алмайды.

Түзетулер Топтың қаржылық есептілігіне елеулі әсерін тигізген жоқ.

4. БУХГАЛТЕРЛІК СЫНИ ПАЙЫМДАУЛАР МЕН БАҒАЛАУДЫҢ БЕЛГІСІЗДІГІНІҢ НЕГІЗГІ КӨЗДЕРІ

Осы ықшамдалған шоғырландырылған аралық қаржылық ақпаратты дайындау кезінде басшылықтың есеп саясатын қолдану кезінде жасалған сыни пайымдаулар мен бағалаудың белгісіздігінің негізгі көздері, ХҚЕС есеп стандарттарына сәйкес дайындалған Топтың 2024 жылғы жылдық қаржылық есептілігін дайындау кезінде пайдаланылғанмен сәйкес келеді.

5. МАУСЫМДЫЛЫҚ

Топтың операциялық қызметі айқын маусымдық сипатқа ие: сұраныс шыңы жаз айларында болады. Тиісінше, қаржы жылының екінші жартысында (әсіресе үшінші тоқсанда), әдетте, бірінші жартыжылдыққа қарағанда жоғары түсім мен операциялық пайда күтіледі.

6. ОПЕРАЦИЯЛЫҚ СЕГМЕНТТЕР

Топ басшылығы сегменттердің тиімділігін бағалау мақсатында толық сервистік Air Astana бренді мен FlyArystan бренді сегменттерінің нәтижелері мен қызметтері негізінде ресурстарды сегменттерге бөлу туралы шешім қабылдайды.

Топтың негізгі қызмет бағыттарын былайша қорытындылауға болады:

Air Astana

Топтың авиациялық қызметі негізінен толық қызмет көрсететін бренд ретінде ішкі және халықаралық жолаушылар мен әуе жүктерін тасымалдау операцияларынан тұрады.

FlyArystan

Топтың авиациялық қызметі негізінен арзан тасымалдаушы ретінде ішкі және халықаралық жолаушылар мен әуе жүктерін тасымалдау операцияларынан тұрады.

Топ Air Astana және FlyArystan сегменттері арасындағы топшілік жалдау шығыстарын есепке алу тәртібіне өзгерістер енгізді, сегменттік есептілікте 16 ХҚЕС (IFRS) стандартын екі операциялық сегментте де бірізді қолдану мақсатында. Осы өзгеріс нәтижесінде, Топ сегментті есеп элиминациясы бөлімінде көрсетілген сегментаралық операциялар ретінде қарастырылатын FlyArystan-мен топшілік жалдау мәмілелері нәтижесінде туындаған пайдалану құқығы нысанындағы активтердің амортизациясын мойындады. Топ сегменттердің қаржылық жағдайын жеке талдамайды.

6. ОПЕРАЦИЯЛЫҚ СЕГМЕНТТЕР (жалғасы)

2025 жылғы 30 маусымда және 2024 жылғы 30 маусымда аяқталған алты айдағы қаржылық нәтижелер:

	2025 ж. 30 маусымында аяқталған алты ай кезең (аудиттелмеген)	2024 ж. 30 маусымында аяқталған алты ай кезең (аудиттелмеген)	Топ- ішілік элимина- циялар	Жалпы
Пайда немесе залал туралы ықшамдалған шоғырландырылған аралық есеп	Air Astana	FlyArystan		
Табыстар және басқа да кірістер				
Жолаушылар тасымалы	245.399.684	76.112.817	(1.850)	321.510.651
Жүк және пошта	6.331.694	480.494	(480.494)	6.331.694
Басқа кірістер	17.740.368	462.491	(16.332.999)	1.869.860
Жалға беру	5.720.849	11.373.636	(17.094.485)	—
Кері жалдау арқылы сатудан түскен пайда	7.125.655	—	—	7.125.655
Жалпы табыс және басқа кірістер	282.318.250	88.429.438	(33.909.828)	336.837.860
Операциялық шығыстар				
Жанармай	(55.816.864)	(19.983.187)	82.219	(75.717.832)
Персонал және экипаж шығындары	(53.106.264)	(8.010.204)	3.183.800	(57.932.668)
Амортизация және тозу	(40.205.004)	(18.490.446)	2.551.166	(56.144.284)
Әуежай қызметтері және навигация	(27.571.624)	(7.183.637)	1.391.663	(33.363.598)
Жолаушыларға қызмет көрсету	(28.303.968)	(4.333.681)	221.649	(32.416.000)
Инженерлік-техникалық қызмет көрсету	(20.418.078)	(15.741.765)	6.198.463	(29.961.380)
Іске асыру шығындары	(11.429.451)	(550.863)	—	(11.980.314)
Консультациялық, заңгерлік және кәсіби қызметтер	(1.872.643)	(7.006.756)	7.366.894	(1.512.505)
Сақтандыру	(2.506.985)	(989.642)	—	(3.496.627)
Әуе кемелерін жалға алу бойынша шығыстар	(11.959.682)	(2.852.766)	14.226.402	(586.046)
Ақпараттық технологиялар	(1.501.663)	(218.035)	3.005	(1.716.693)
Мүлік және кеңсе бойынша шығыстар	(1.089.697)	(32.297)	1.882	(1.120.112)
Басқа операциялық шығыстар	(8.601.843)	(448.824)	1.366.572	(7.684.095)
Жалпы операциялық шығыстар	(264.383.766)	(85.842.103)	36.593.715	(313.632.154)
Операциялық пайда	17.934.484	2.587.335	2.683.887	23.205.706
Қаржылық кірістер	5.125.846	2.754.537	(2.232.910)	5.647.473
Қаржылық шығыстар	(14.260.296)	(9.094.366)	2.933.550	(20.421.112)
Бағамдық айырмадан болған шығын, нетто	(2.600.900)	124.027	—	(2.476.873)
Салық салуға дейінгі пайда	6.199.134	(3.628.467)	3.384.527	5.955.194
Табыс салығы бойынша шығыс	(1.292.968)	734.581	—	(558.387)
Кезең ішіндегі пайда	4.906.166	(2.893.886)	3.384.527	5.396.807
	2025 ж. 30 маусымында аяқталған алты ай кезең (аудиттелмеген) Air Astana	2024 ж. 30 маусымында аяқталған алты ай кезең (аудиттелмеген) FlyArystan	Топ- ішілік элимина- циялар	Жалпы
Басқа сегменттік ақпарат				
Активтер жиыны	813.851.854	349.519.218	(107.539.499)	1.055.831.573
Міндеттемелер жиыны	618.571.142	347.504.573	(111.420.170)	854.655.545

6. ОПЕРАЦИЯЛЫҚ СЕГМЕНТТЕР (жалғасы)

	2024 ж. 30 маусымында аяқталған алты ай кезең (аудиттелмеген)	202 ж. 30 маусымында аяқталған алты ай кезең (аудиттелмеген)	Топ- ішілік элимина- циялар	Жалпы
Пайда немесе залал туралы ақшамдалған шоғырландырылған аралық есеп	Air Astana	FlyArystan		
Табыстар және басқа да кірістер				
Жолаушылар тасымалы	188.101.398	64.327.330	(1.639)	252.427.089
Жүк және пошта	4.555.798	548.154	–	5.103.952
Басқа кірістер	3.938.756	335.547	(254.307)	4.019.996
Жалға беру	20.496.503	1.757.593	(22.254.096)	–
Кері жалдау арқылы сатудан түскен пайда	2.362.532	–	–	2.362.532
Жалпы табыс және басқа кірістер	219.454.987	66.968.624	(22.510.042)	263.913.569
Операциялық шығыстар				
Жанармай	(46.532.786)	(17.238.282)	–	(63.771.068)
Персонал және экипаж шығыстары	(35.611.313)	(11.421.843)	155.211	(46.877.945)
Амортизация және тозу	(37.354.963)	(12.822.982)	9.038.375	(41.139.570)
Әуежай қызметтері және навигация	(18.865.168)	(5.872.171)	–	(24.737.339)
Жолаушыларға қызмет көрсету	(21.146.382)	(3.151.332)	–	(24.297.714)
Инженерлік-техникалық қызмет көрсету	(20.355.693)	(12.419.265)	8.963.772	(23.811.186)
Іске асыру шығындары	(8.556.444)	(606.546)	–	(9.162.990)
Консультациялық, заңгерлік және кәсіби қызметтер	(2.853.453)	(73.966)	42.787	(2.884.632)
Сақтандыру	(1.899.856)	(869.219)	–	(2.769.075)
Әуе кемелерін жалға алу бойынша шығындар	(2.765.019)	(1.011.770)	2.004.045	(1.772.744)
Ақпараттық технологиялар	(1.065.884)	(427.589)	–	(1.493.473)
Мүлік және кеңсе бойынша шығыстар	(885.928)	(110.125)	–	(996.053)
Басқа операциялық шығыстар	(4.848.208)	(291.576)	431	(5.139.353)
Жалпы операциялық шығыстар	(202.741.097)	(66.316.666)	20.204.621	(248.853.142)
Операциялық пайда	16.713.890	651.958	(2.305.421)	15.060.427
Қаржылық кірістер	4.018.277	1.242.438	(680.265)	4.580.450
Қаржылық шығыстар	(11.205.872)	(4.450.263)	2.987.513	(12.668.622)
Бағамдық айырмадан болған шығын, нетто	(2.949.985)	(855.316)	–	(3.805.301)
Салық салуға дейінгі пайда	6.576.310	(3.411.183)	1.827	3.166.954
Табыс салығы бойынша шығыс	(1.548.085)	572.592	–	(975.493)
Кезең ішіндегі пайда	5.028.225	(2.838.591)	1.827	2.191.461
Басқа сегменттік ақпарат	31 желтоқсан 2025 ж Air Astana	31 желтоқсан 2025 ж FlyArystan	Топ- ішілік элимина- циялар	Жалпы
Активтер жиыны	766.162.796	282.444.591	(87.293.236)	961.314.151
Міндеттемелер жиыны	555.169.397	277.463.923	(87.742.205)	744.891.115

7. ТАБЫС ЖӘНЕ БАСҚА ДА КІРІСТЕР

	2025 ж. 30 маусымында аяқталған үш ай кезең (аудиттелмеген)	2024 ж. 30 маусымында аяқталған үш ай кезең (аудиттелмеген)	2025 ж. 30 маусымында аяқталған алты ай кезең (аудиттелмеген)	2024 ж. 30 маусымында аяқталған алты ай кезең (аудиттелмеген)
Жолаушылар тасымалы				
Тұрақты жолаушылар тасымалы	165.018.601	127.223.514	292.426.355	234.714.894
Соның ішінде:				
Жанармай алымы	14.952.046	10.302.460	27.681.510	19.336.549
Әуежай алымдары	8.770.114	6.707.814	15.584.363	12.457.136
Мөлшерден тыс жүк	814.838	667.856	1.499.782	1.274.083
Чартерлік рейстер	18.536.573	9.329.381	29.084.296	17.712.195
	183.555.174	136.552.895	321.510.651	252.427.089

Жолаушылар тасымалынан түсетін түсім 2025 жылғы 30 маусымда аяқталған алты айда 2024 жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 69.083.562 мың теңгеге немесе 11,8% -ға өсті.

	2025 ж. 30 маусымында аяқталған үш ай кезең (аудиттелмеген)	2024 ж. 30 маусымында аяқталған үш ай кезең (аудиттелмеген)	2025 ж. 30 маусымында аяқталған алты ай кезең (аудиттелмеген)	2024 ж. 30 маусымында аяқталған алты ай кезең (аудиттелмеген)
Жүк және пошта				
Жүк – тұрақты тасымал	3.123.321	2.572.859	5.798.677	4.655.755
Пошта	271.331	239.240	533.017	448.197
	3.394.652	2.812.099	6.331.694	5.103.952

2025 жылғы 30 маусымдағы жағдай бойынша Топ екі қозғалтқышты кері жалдау арқылы сату мәмілесінің аясында сатқан. Топ кері жалдау нәтижесінде пайда болған пайдалану құқығы нысанындағы активтерді олардың бұрынғы баланстық құнның сақталған пайдалану құқығына қатысты пропорциясы бойынша бағалады. Осыған байланысты, Топ 7.125.655 мың теңге мөлшерінде таза пайда таныды. Бұл сома сату түсімінің жалдау міндеттемелері мен қозғалтқыштарға қатысты активтердегі өзгерістерден асқан бөлігін білдіреді. Топ қосалқы қозғалтқыштарды 23.242.325 мың теңге жалпы сомаға сатып, 3.382.821 мың теңге сомасында пайдалану құқығы активтерін және 7.697.511 мың теңге сомасында жалдау міндеттемелерін мойындады. Жалға алу шартына сәйкес Топ қосалқы қозғалтқыштарды ай сайынғы төлемдермен сегіз жылға жалға берді. Сатудан түскен түсімнің базалық активтің әділ құнынан асатын бөлігі ретінде 2.739.854 мың теңге қаржыландырудан түскен ақша ағысы ретінде көрсетілді, ал 20.563.644 мың теңге инвестициялық қызмет құрамында көрсетілді.

Топ 2024 жылғы маусымда қосалқы қозғалтқышты сатып алды, ол кері жалға беру арқылы сату мәмілесінің аясында бірден сатылды. Топ кері жалға беру нәтижесінде пайда болған пайдалану құқығы активін Топта қалған пайдалану құқығы активіне жататын активтің бұрынғы баланстық құнының үлесі ретінде бағалады. Тиісінше, Топ 2.362.532 мың теңге көлеміндегі таза пайданы мойындады, ол сатудан түскен түсімнің жалдау міндеттемелерінен асып кетуін және қозғалтқышпен байланысты активтердегі өзгерістерді білдіреді. Топ жалпы сомасы 8.839.875 мың теңге қосалқы қозғалтқышты сатты және 2.588.787 мың теңге сомасындағы пайдалану құқығы активін және 4.626.908 мың теңге сомасындағы жалдау міндеттемесін таныды. Жалдау шарты бойынша Топ қосалқы қозғалтқышты ай сайынғы төлемдермен сегіз жылға жалға берді. Топ ақша қаражатының қозғалысы туралы шоғырландырылған есепте 4.145.011 мың теңге инвестициялық қызметтің бөлігі ретінде сату және кері жалға беру операциясынан түскен кіріс ретінде таныды.

7. ТАБЫС ЖӘНЕ БАСҚА ДА КІРІСТЕР (жалғасы)

2025 жылғы 30 маусымда және 2024 жылғы 30 маусымда аяқталған алты ай ішінде Топтың жолаушыларды, жүктерді және поштаны тасымалдаудан түскен табысы, яғни сатып алушылармен жасалған шарттар бойынша жалпы табыс, әрбір операциялық сегмент бойынша келесі бағыттарда алынған:

	Операциялық сегменттер		Топ- ішілік элимина- (аудиттелмеген)	2025 ж. 30 маусымында аяқталған алты ай кезең (аудиттелмеген) Жалпы
	2025 ж. 30 маусымында аяқталған алты ай кезең (аудиттелмеген) Эйр Астана	2025 ж. 30 маусымында аяқталған алты ай кезең (аудиттелмеген) FlyArystan		
Азия және Таяу Шығыс	130.155.493	3.649.703	(1.574)	133.803.622
Ішкі бағыттар	58.164.512	62.069.706	(475.926)	119.758.292
Еуропа	46.559.591	5.304.345	(1.217)	51.862.719
ТМД елдері	16.867.765	5.554.553	(4.606)	22.417.712
Жолаушылар, жүк және пошта тасымалдарынан түскен жиынтық табыс	251.747.361	76.578.307	(483.323)	327.842.345

	Операциялық сегменттер		Топ- ішілік элимина- (аудиттелмеген)	2024 ж. 30 маусымында аяқталған алты ай кезең (аудиттелмеген) Жалпы
	2024 ж. 30 маусымында аяқталған алты ай кезең (аудиттелмеген) Эйр Астана	2024 ж. 30 маусымында аяқталған алты ай кезең (аудиттелмеген) FlyArystan		
Ішкі бағыттар	52.541.788	51.876.720	—	104.418.508
Азия және Таяу Шығыс	81.436.440	5.844.304	(1.348)	87.279.396
Еуропа	44.590.524	2.342.228	(449)	46.932.303
ТМД елдері	14.112.423	4.788.411	—	18.900.834
Жолаушылар, жүк және пошта тасымалдарынан түскен жиынтық табыс	192.681.175	64.851.663	(1.797)	257.531.041

8. ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ШЫҒЫСТАР

	2025 ж. 30 маусымында аяқталған үш ай кезең (аудиттелмеген)	2024 ж. 30 маусымында аяқталған үш ай кезең (аудиттелмеген)	2025 ж. 30 маусымында аяқталған алты ай кезең (аудиттелмеген)	2024 ж. 30 маусымында аяқталған алты ай кезең (аудиттелмеген)
Персонал және экипаж шығыстары				
Жалақы	23.030.577	18.002.465	43.564.655	36.137.141
Орналастыру және қосымша төлемдер	3.137.046	2.103.102	5.749.806	3.857.530
Әлеуметтік салық	2.307.271	1.601.168	4.555.824	3.159.964
Білім беру және оқыту	673.151	745.499	1.173.515	1.406.954
Өзгелер	1.545.421	1.156.071	2.888.868	2.316.356
	30.693.466	23.608.305	57.932.668	46.877.945

2025 жылғы 30 маусымда аяқталған алты айдағы қызметкерлердің орташа саны 6.114 адам құрады (2024 жылдың 30 маусымы: 5.628 адам).

8. ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ШЫҒЫСТАР (жалғасы)

	2025 ж. 30 маусымында аяқталған үш ай кезең (аудиттелмеген)	2024 ж. 30 маусымында аяқталған үш ай кезең (аудиттелмеген)	2025 ж. 30 маусымында аяқталған алты ай кезең (аудиттелмеген)	2024 ж. 30 маусымында аяқталған алты ай кезең (аудиттелмеген)
Инженерлік-техникалық қызмет көрсету				
Техникалық қызмет көрсету–құрамдық бөліктер	10.813.208	8.867.374	19.594.430	16.161.446
Техникалық қызмет көрсету–айнымалы жалдау төлемдері	3.036.814	1.874.809	4.686.190	3.519.437
Қосалқы бөлшектер	2.331.821	1.814.332	4.600.567	3.336.030
Техникалық инспекция	635.984	398.724	1.080.193	794.273
	16.817.827	12.955.239	29.961.380	23.811.186
Әуежай қызметтері және навигация				
Жерүсті қызметі	7.027.451	4.804.044	14.539.551	11.020.635
Аэронавигация	7.120.761	4.575.168	12.858.019	8.715.252
Ұшу-кону	3.046.756	2.436.997	5.323.306	4.514.907
Өзгелер	306.029	244.790	642.722	486.545
	17.500.997	12.060.999	33.363.598	24.737.339
Жолаушыларға қызмет көрсету				
Әуежайлардың қызметтері	8.177.999	5.810.790	15.136.422	11.107.918
Тамақтану	5.643.589	4.283.705	10.349.397	8.077.075
Ұшу кезінде жолаушылар үшін ойын-сауықтар	941.323	597.457	1.759.167	1.177.227
Қауіпсіздік	951.219	709.316	1.529.105	1.214.121
Өзгелер	1.970.462	1.447.778	3.641.909	2.721.373
	17.684.592	12.849.046	32.416.000	24.297.714
Іске асыру шығыстары				
Брондау жүйелері бойынша шығыстар	3.613.156	2.779.437	6.727.900	5.307.341
Комиссиялық сыйақы	1.762.118	1.289.635	2.929.258	2.166.539
Жарнама	1.265.773	820.942	2.152.719	1.533.192
Өзгелер	107.112	88.266	170.437	155.918
	6.748.159	4.978.280	11.980.314	9.162.990

9. ҚАРЖЫЛЫҚ КІРІСТЕР МЕН ШЫҒЫСТАР

	2025 ж. 30 маусымында аяқталған үш ай кезең (аудиттелмеген)	2024 ж. 30 маусымында аяқталған үш ай кезең (аудиттелмеген)	2025 ж. 30 маусымында аяқталған алты ай кезең (аудиттелмеген)	2024 ж. 30 маусымында аяқталған алты ай кезең (аудиттелмеген)
Қаржылық кірістер				
Банк депозиттерінен сыйақы бойынша кірістер	2.922.489	2.238.062	5.541.014	4.373.994
Өзгелер	92.996	40.314	106.459	206.456
	3.015.485	2.278.376	5.647.473	4.580.450

9. ҚАРЖЫЛЫҚ КІРІСТЕР МЕН ШЫҒЫСТАР (жалғасы)

	2025 ж. 30 маусымында аяқталған үш ай кезең (аудиттелмеген)	2024 ж. 30 маусымында аяқталған үш ай кезең (аудиттелмеген)	2025 ж. 30 маусымында аяқталған алты ай кезең (аудиттелмеген)	2024 ж. 30 маусымында аяқталған алты ай кезең (аудиттелмеген)
Қаржылық шығыстар				
Жалдау бойынша сыйақы шығыстары (24-ескерту)	8.972.483	5.899.722	17.301.164	11.379.882
Өзгелер	1.695.392	627.136	3.119.948	1.288.740
	10.667.875	6.526.858	20.421.112	12.668.622

10. ТАБЫС САЛЫҒЫ БОЙЫНША ШЫҒЫС

30 маусымда аяқталған алты ай кезеңдегі Топтың табыс салығы бойынша шығыс төменде көрсетілген:

	2025 ж. 30 маусымында аяқталған үш ай кезең (аудиттелмеген)	2024 ж. 30 маусымында аяқталған үш ай кезең (аудиттелмеген)	2025 ж. 30 маусымында аяқталған алты ай кезең (аудиттелмеген)	2024 ж. 30 маусымында аяқталған алты ай кезең (аудиттелмеген)
Ағымдағы табыс салығы				
Ағымдағы табыс салығы	(6.158.656)	(3.391.639)	(8.129.992)	(5.619.252)
Өткен жылдардағы ағымдағы салыққа қатысты ағымдағы жылы танылған түзетулер	577.523	(572.620)	1.605.339	906.073
	(5.581.133)	(3.964.259)	(6.524.653)	(4.713.179)
Кейінге қалдырылған салықтар				
Уақытша айырмашылықтардың пайда болуы	3.728.812	1.654.993	5.966.266	3.737.686
	3.728.812	1.654.993	5.966.266	3.737.686
	(1.852.321)	(2.309.266)	(558.387)	(975.493)

Кейінге қалдырылған табыс салығы қаржылық ақпарат мақсатында активтер мен міндеттемелердің ағымдағы құны мен салық салу мақсатында қолданылатын сомалар арасындағы уақытша айырмашылықтардың таза салықтық әсерін көрсетеді. Бұған қоса, Компанияның функционалдық валютасы оның тіркелген елінің валютасынан ерекшеленетіндіктен, Топ бухгалтерлік базаның емес, салық базасындағы өзгерістерге әкелетін айырбастау бағамдарының өзгеруіне қатысты уақытша айырмашылықтарды таниды.

2025 жылғы 30 маусым мен 2024 жылғы 31 желтоқсандағы кейінге қалдырылған табыс салығы бойынша активтер мен міндеттемелердің құрамында көрсетілген негізгі уақытша айырмашылықтардың салықтық әсері төмендегі кестеде келтірілген.

	2025 ж. 30 маусым (аудиттелмеген)	2024 ж. 31 желтоқсан
Кейінге қалдырылған салық активтері		
Жалдау бойынша міндеттемелер	107.061.933	95.997.460
Әуе кемелеріне техникалық қызмет көрсетуге арналған резерв	38.011.163	33.639.072
Сауда және басқа кредиторлық берешек	3.236.808	1.842.086
Сауда дебиторлық берешек	1.691.052	1.881.469
Өзгелер	771.322	587.073
Жиыны	150.772.278	133.947.160
Кейінге қалдырылған салық міндеттемелері		
Пайдалану құқығы түріндегі актив	(97.609.719)	(87.969.578)
Негізгі құралдар мен материалдық емес активтер	(18.410.237)	(16.778.840)
Тауар-материалдық қорлар	(2.248.553)	(2.325.187)
Алдын-ала төленген шығыстар	(983.444)	(1.265.516)
Өзгелер	(27.543)	(86.118)
Жиыны	(119.279.496)	(108.425.239)
Кейінге қалдырылған барлық активтер	31.492.782	25.521.921

10. ТАБЫС САЛЫҒЫ БОЙЫНША ШЫҒЫС (жалғасы)

Жоғарыда келтірілген кейінге қалдырылған салық активтері мен міндеттемелеріндегі қозғалыстар ақша ағындарын хеджирлеу және әділ құн өзгерістерінің тиімді бөлігіне қатысты кейінге қалдырылған салықтың іске асырылған бөлігіне қатысты капиталда танылған болашақ кезеңге қалдырылған корпоративтік табыс салығы бойынша шығынға қатысты 410.859 мың теңгені қоспағанда, пайда мен залал құрамында танылды (2024 жылы аяқталған алты ай: 503.038 мың теңге).

Жергілікті салық заңдарына сәйкес хеджирленген және хеджирленбеген теріс бағамдық айырмашылықтар табыс салығын есептеу мақсатында шегерілетін шығындар болып табылады. Егер осы шегерімге жатқызылған шығындарды олар туындаған жылы толық пайдалану мүмкін болмаса, салық кодексі Топқа жинақталған залалды келесі он жылға ауыстыруға мүмкіндік береді.

Топ орналасқан Қазақстандағы табыс салығының мөлшерлемесі 2025 жылғы 30 маусым мен 2024 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша 20% құрады. Бір жылға есептелген салық сомасы табыс салығының мөлшерлемесін салыққа дейінгі пайдаға қолдану арқылы алынатын салық сомасынан ерекшеленеді.

Төменде 20% (2024 жылы: 20%) табыс салығының мөлшерлемесі мен Топтың пайда немесе залал туралы ықшамдалған шоғырландырылған аралық есебінде танылған табыс салығының нақты сомасы салыстырылады:

	2025 ж. 30 маусымында аяқталған алты ай кезең (аудиттелмеген)	2024 ж. 30 маусымында аяқталған алты ай кезең (аудиттелмеген)
Салық салуға дейінгі пайда	5.955.194	3.166.954
Корпоративтік табыс салығы, %	20%	20%
Белгіленген мөлшерлеме бойынша табыс салығы	(1.191.039)	(633.391)
Бағамдық айырмашылықты қайта есептеу әсері	917.691	228.187
Шегерілмейтін шығындардың салықтық әсері	(972.003)	(570.289)
Өзге өзгерістер	686.964	—
Табыс салығы бойынша шығыс	(558.387)	(975.493)

11. НЕГІЗГІ ҚҰРАЛДАР

Құны	Айналымдық қосалқы бөлшектер	Офис жабдығы және жиһаз	Үйлер мен ғимараттар, жер	Көлік құралдары	Жалдау аясындағы әуе кемелері	Жолдағы жылжымайтын мүлік, ғимараттар мен жабдықтар және аяқталмаған құрылыс	Барлығы
2024 ж. 1 қантар	52.809.872	10.652.614	21.857.063	1.303.678	643.359.223	1.135.036	731.117.486
Түсулер (аудиттелмеген)	11.369.222	1.057.868	1.583.680	112.369	89.318.915	1.645.758	105.087.812
Шығулар (аудиттелмеген)	(1.008.499)	(107.159)	–	(50.049)	(9.035.790)	–	(10.201.497)
Есептілік валютасын қайта есептеу резерві (аудиттелмеген)	2.547.629	447.195	892.251	50.739	27.783.329	126.700	31.847.843
	65.718.224	12.050.518	24.332.994	1.416.737	751.425.677	2.907.494	857.851.644
2024 ж. 30 маусым (аудиттелмеген)					643.359.223	1.135.036	731.117.486
2025 ж. 1 қантар	72.771.319	14.013.611	29.652.962	8.359.226	896.832.743	3.733.007	1.025.362.868
Түсулер (аудиттелмеген)	16.281.077	543.676	1.642.108	38.864	97.383.172	(938.078)	114.950.819
Шығулар (аудиттелмеген)	(12.123.905)	(145.428)	(431.579)	(130.738)	(10.626.152)	–	(23.457.802)
Есептілік валютасын есептеу бойынша резерв (аудиттелмеген)	(902.041)	(142.025)	(293.589)	(90.297)	(8.013.470)	(42.916)	(9.484.338)
2025 ж. 30 маусым (аудиттелмеген)	76.026.450	14.269.834	30.569.902	8.177.055	975.576.293	2.752.013	1.107.371.547

11. НЕГІЗГІ ҚҰРАЛДАР (жалғасы)

	Айналымдық қосалқы бөлшектер	Офис жабдығы және жиһаз	Үйлер мен ғимараттар, жер	Көлік құралдары	Жалдау аясындағы әуе кемелері	Жолдағы жылжымай-тын мүлік, ғимараттар мен жабдықтар және аяқталмаған құрылыс	Барлығы
Есептелген тозу							
2024 ж. 1 қантар	22.066.161	3.966.491	7.015.224	759.570	309.424.901	–	343.232.347
Кезең үшін есептеу (аудиттелмеген)							
(12-ескерту)	2.687.430	551.780	1.037.182	35.461	36.647.191	–	40.959.044
Шығулар (аудиттелмеген)	(300.335)	(103.545)	–	(35.306)	(7.773.297)	–	(8.212.483)
Есептілік валютасын есептеу бойынша резерв (аудиттелмеген)	929.679	170.694	312.709	28.085	12.937.491	–	14.378.658
2024 ж. 30 маусым (аудиттелмеген)	25.382.935	4.585.420	8.365.115	787.810	351.236.286	–	390.357.566
2025 ж. 1 қантар	29.145.705	5.620.252	10.005.446	3.388.535	418.861.869	–	467.021.807
Кезең үшін есептеу (аудиттелмеген)							
(12-ескерту)	3.814.367	630.989	1.465.129	308.031	49.686.323	–	55.904.839
Шығулар (аудиттелмеген)	(3.559.308)	(176.684)	(153.279)	(91.012)	(10.592.039)	–	(14.572.322)
Есептілік валютасын есептеу бойынша резерв (аудиттелмеген)	(392.381)	(52.449)	(85.797)	(33.549)	(3.741.427)	–	(4.305.603)
2025 ж. 30 маусым (аудиттелмеген)	29.008.383	6.022.108	11.231.499	3.572.005	454.214.726	–	504.048.721
Баланстық құн							
2024 ж. 30 маусым (аудиттелмеген)	40.335.289	7.465.098	15.967.879	628.927	400.189.391	2.907.494	467.494.078
2024 ж. 31 желтоқсан (аудиттелген)	43.625.614	8.393.359	19.647.516	4.970.691	477.970.874	3.733.007	558.341.061
2025 ж. 30 маусым (аудиттелмеген)	47.018.067	8.247.726	19.338.403	4.605.050	521.361.567	2.752.013	603.322.826

11. НЕГІЗГІ ҚҰРАЛДАР (жалғасы)

Топтың географиялық ақпаратын анықтау тұрғысынан алғанда, негізінен әуе кемелері мен жердегі жабдықтардан тұратын активтер негізінен Қазақстан Республикасында тіркелген/орналасқан. Сондықтан активтерді географиялық сегменттерге бөлуге негіз жоқ.

2024 жылы Топ бес әуе кемесіне қатысты міндеттемелерді толық мерзімінен бұрын өтеді. Нәтижесінде аталған әуе кемелеріне меншік құқығы Топқа 144.036.552 мың теңге көлемінде берілді. Тиісінше, осы әуе кемелеріне байланысты пайдалану құқығы активтері енді меншік ретінде жіктеледі.

2025 жылғы 30 маусым мен 2024 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша техникалық жабдықтар мен көлік құралдарына 2023 және 2024 жылдары сатып алынған қызмет көрсетуге арналған автолифт пен мұзға қарсы өңдеуге арналған бес техника кіреді. Олардың қалдық құны тиісінше 3.434.820 мың теңге және 5.101.967 мың теңгені құрайды.

Айналымдағы қосалқы бөлшектер құрамына әуе кемесін модификациялау құны енгізілген.

Негізгі құралдар құрамына енгізілген пайдалану құқығы нысанындағы активтер төменде көрсетілген:

	Айналымдық қосалқы бөлшектер	Үйлер мен ғимараттар, жер	Жалдау аясындағы әуе кемелері	Барлығы
Құны				
2024 ж. 1 қаңтар	10.454.425	9.654.854	643.359.223	663.468.502
Түсулер мен модификациялар (аудиттелмеген)	2.572.188	1.506.201	89.301.478	93.379.867
Шығулар (аудиттелмеген)	(249.352)	–	(9.033.534)	(9.282.886)
Өзге ауыстырулар	–	–	228.709	228.709
Есептілік валютасын қайта есептеу резерві (аудиттелмеген)	470.765	434.504	27.790.916	28.696.185
2024 ж. 30 маусым (аудиттелмеген)	13.248.026	11.595.559	751.646.792	776.490.377
2025 ж. 1 қаңтар	24.151.384	14.844.860	821.894.295	860.890.539
Түсулер мен модификациялар (аудиттелмеген)	14.230.276	1.589.839	91.104.996	106.925.111
Шығулар (аудиттелмеген)	(1.803.388)	(431.579)	(8.340.653)	(10.575.620)
Есептілік валютасын қайта есептеу резерві (аудиттелмеген)	(293)	(153.580)	(7.252.793)	(7.406.666)
2025 ж. 30 маусым (аудиттелмеген)	36.577.979	15.849.540	897.405.845	949.833.364
Есептелген амортизация				
2024 ж. 1 қаңтар	6.029.284	5.131.073	309.424.901	320.585.258
Жыл үшін есептеу (аудиттелмеген)	549.063	895.306	36.626.708	38.071.077
Шығулар (аудиттелмеген)	(240.893)	–	(7.770.546)	(8.011.439)
Есептілік валютасын есептеу бойынша резерв (аудиттелмеген)	231.870	235.553	12.936.836	13.404.259
2024 ж. 30 маусым (аудиттелмеген)	6.569.324	6.261.932	351.217.899	364.049.155
2025 ж. 1 қаңтар	8.207.469	7.497.521	378.190.168	393.895.158
Жыл үшін есептеу (аудиттелмеген)	1.772.728	1.292.707	46.638.641	49.704.076
Шығулар (аудиттелмеген)	(1.439.855)	(153.279)	(8.319.026)	(9.912.160)
Есептілік валютасын есептеу бойынша резерв (аудиттелмеген)	(125.811)	(63.409)	(3.344.539)	(3.533.759)
2025 ж. 30 маусым (аудиттелмеген)	8.414.531	8.573.540	413.165.244	430.153.315
Баланстық құн				
2024 ж. 30 маусым (аудиттелмеген)	6.678.702	5.333.627	400.428.893	412.441.222
2024 ж. 31 желтоқсан (аудиттелген)	15.943.915	7.347.339	443.704.127	466.995.381
2025 ж. 30 маусым (аудиттелмеген)	28.163.448	7.276.000	484.240.601	519.680.049

11. НЕГІЗГІ ҚҰРАЛДАР (жалғасы)

Топтың жалдау бойынша міндеттемелері баланстық құны 517.183.142 мың теңгені құрайтын (аудиттелмеген) жалға алынған активтермен қамтамасыз етілген (2024 жылғы 31 желтоқсанда: 466.644.777 мың теңге) (24-ескертпе). 2025 жылғы 30 маусымдағы жағдай бойынша жалға алынған әуе кемелерінің жалпы саны FlyArystan бөлімшесіне тиесілі 23 Airbus ұшағын қамтиды, олардың баланстық құны 190.587.324 мың теңгені құрайды (2024 жылғы 31 желтоқсанда: 19 Airbus ұшағы, қалдық құны – 178.774.225 мың теңге).

«Қазақстан Халық Банкі» АҚ-пен жасалған несие шартына сәйкес Астанада орналасқан авиациялық-техникалық орталық 9.251.671 мың теңге баланстық құнымен «Қазақстан Халық Банкі» АҚ-на кепілге берілген және кепіл ретінде қалуда.

2025 жылғы 30 маусымдағы жағдай бойынша толық амортизацияланған активтердің құны 15.859.413 мың теңгені құрайды (2024 жылғы 30 маусымда: 9.849.271 мың теңге).

12. ТОЗУ ЖӘНЕ АМОРТИЗАЦИЯ

	2025 ж. 30 маусымында аяқталған алты ай кезең (аудиттелмеген)	2024 ж. 30 маусымында аяқталған алты ай кезең (аудиттелмеген)
Негізгі құралдардың тозуы (11-ескертпе)	55.904.839	40.959.044
Материалдық емес активтерден амортизациясы	239.444	180.526
	56.144.283	41.139.570

13. КЕПІЛДІКТІ ДЕПОЗИТТЕР

	2025 ж. 30 маусым (аудиттелмеген)	2024 ж. 31 желтоқсан
<i>Ұзақ мерзімді кепілдікті депозиттер</i>		
Жалға алынған әуе кемелері бойынша кепілдікті депозиттер	19.171.079	19.293.591
Өзге кепілдікті депозиттер	2.091.551	1.237.159
Құнсыздануға арналған резерв	(244.231)	(211.619)
	21.018.399	20.319.131
<i>Ағымдағы кепілдікті депозиттер</i>		
Өзге кепілдікті депозиттер	1.706.498	1.034.466
Жалға алынған әуе кемелері бойынша кепілдікті депозиттер	659.423	666.365
	2.365.921	1.700.831
	23.384.320	22.019.962

Жалға алынған әуе кемелері үшін кепілдік депозиттерге Топтың жалдау төлемдері бойынша міндеттемелерін орындауды қамтамасыз ету үшін ашылған әуе кемелерін жалдау шарттары бойынша депозиттер кіреді. Кепілдік депозиттер негізінен АҚШ долларында көрсетіледі. Топ бұл депозиттердің несиелік тәуекелін төмен деп бағалады, өйткені барлық лизинг берушілер S&P Global Ratings рейтингі бойынша «АА»-дан «ВВВ» дейін рейтингтерге ие. Халықаралық рейтингтік агенттіктердің кредиттік рейтингі жоқ лизинг берушілер үшін басшылық S&P Global Ratings ұсынған лизинг берушілердің «ССС» рейтингі бар деген пікір негізінде күтілетін несие шығынын есептейді. Мұндай жалға берушілер үшін депозиттер сомасы 2025 жылғы 30 маусымдағы және 2024 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша тиісінше 1.466.944 мың теңге және 1.331.154 мың теңгені құрайды.

13. КЕПІЛДІКТІ ДЕПОЗИТТЕР (жалғасы)

2025 жылғы 30 маусымдағы жағдай бойынша Топтың келесі банктерде кепілдіктері мен резервтік аккредитивтері болды: «Қазақстан Халық Банкі» АҚ-да 2.459 мың АҚШ доллары, «Алтын Банк» АҚ-да 13.467 мың АҚШ доллары және «Ситибанк Қазақстан» АҚ-да 24.859 мың АҚШ доллары.

Жалға алынған әуе кемелері бойынша кепілдік депозиттер және техникалық қызмет көрсету бойынша міндеттемелер келесі түрде өтеледі:

	2025 ж. 30 маусым (аудиттелмеген)	2024 ж. 31 желтоқсан
Бір жылға дейін	659.423	666.365
Бір жылдан бес жылға дейін	4.762.501	4.918.705
Бес жылдан астам	14.414.294	14.394.840
	19.836.218	19.979.910
Әділ құнына дейін түзету	(5.716)	(19.954)
	19.830.502	19.959.956

14. ТАУАР-МАТЕРИАЛДЫҚ ҚОРЛАР

	2025 ж. 30 маусым (аудиттелмеген)	2024 ж. 31 желтоқсан
Қосалқы бөлшектер	24.099.344	23.563.786
Жанармай	5.739.943	4.278.071
Жолдағы тауарлар	1.707.537	2.294.206
Ыдыс	1.828.094	2.199.686
Жарнамалық материалдар	1.191.535	1.386.290
Бірыңғай формалы киімдер	831.424	745.656
Мұзға қарсы сұйықтық	504.570	939.947
Өзгелер	1.954.886	2.252.722
	37.857.333	37.660.364
Қосалқы бөлшектерге жататын ескірген және өтімсіз тауар-материалдық қорларды есептен шығаруын шегергенде	(3.856.768)	(2.935.365)
	34.000.565	34.724.999

15. БЕРІЛГЕН АЛҒЫ ТӨЛЕМДЕР

	2025 ж. 30 маусым (аудиттелмеген)	2024 ж. 31 желтоқсан
<i>Ұзақ мерзімді</i>		
Мүлік және жабдық үшін төленген алғы төлемдер	7.981.670	4.844.140
Қызметтер көрсетуге берілген алғы төлемдер	5.712.403	5.443.290
	13.694.073	10.287.430
<i>Қысқа мерзімді</i>		
Қызметтер көрсетуге берілген алғы төлемдер	7.916.715	5.815.068
Тауарлар үшін берілген алғы төлемдер	8.990.811	8.658.539
Меншік құқығын берусіз жалдау бойынша алғы төлемдер	987.317	1.507.066
	17.894.843	15.980.673
Берілген алғы төлемдердің құнсыздануы бойынша резервті шегергенде	—	(75.091)
	17.894.843	15.905.582

15. БЕРІЛГЕН АЛҒЫ ТӨЛЕМДЕР (жалғасы)

2025 жылғы 30 маусымдағы жағдай бойынша ұзақ мерзімді активтер бойынша берілген алғы төлемдерге үш Боинг ұшағын сатып алуға берілген алғы төлемдер кіреді (27-ескерту).

Қайтарылмайтын алғы төлемдер бойынша резервтер қазіргі уақытта міндеттемелерді орындай алмауына байланысты сот ісін жүргізіп жатқан кредиторларға берілген алдын-ала төлемдерді қамтиды.

16. САУДА ЖӘНЕ ӨЗГЕ ДЕБИТОРЛЫҚ БЕРЕШЕК

	2025 ж. 30 маусым (аудиттелмеген)	2024 ж. 31 желтоқсан
<i>Ұзақ мерзімді</i>		
Басқа қаржылық активтер	23.064.741	23.292.304
Өзге дебиторлық берешек	523.277	330.819
	23.588.018	23.623.123
Шегеру: Құнсыздану бойынша резерв	(23.064.741)	(23.292.304)
	523.277	330.819
<i>Қысқа мерзімді</i>		
Сауда дебиторлық берешек	23.207.642	10.530.556
Өзге дебиторлық берешек	1.195.172	855.404
	24.402.814	11.385.960
Шегеру: Құнсыздану бойынша резерв	(360.630)	(463.147)
	24.042.184	10.922.813

2016 жылы несие сапасының айтарлықтай нашарлауына байланысты «ҚазИнвестБанк» АҚ банктік лицензиясынан айырылғанын хабарлады, ал 2017 жылдың 22 мамырында «Delta Bank» АҚ жаңа депозиттерді қабылдау және жаңа шоттар ашу лицензиясы уақытша тоқтатылды. Нәтижесінде, басшылық осы банктердегі барлық қаражатты банктік депозиттерден ұзақ мерзімді сауда және басқа дебиторлық берешектерге қайта жіктеді және 2016 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша қаражаттың шамамен 90% құнсыздану резервін мойындады.

2025 жылдың 30 маусымы және 2024 жылдың 31 желтоқсан жағдай бойынша бұл банктер үшін резерв баланстық құнның 100% құрайды.

Топтың таза сауда және басқа дебиторлық берешегі келесі валюталарда көрсетілген:

	2025 ж. 30 маусым (аудиттелмеген)	2024 ж. 31 желтоқсан
АҚШ доллары	1.737.676	1.064.923
Теңге	17.507.191	7.594.666
Еуро	868.838	607.027
Өзгелер	4.451.756	1.987.016
	24.565.461	11.253.632

17. БАСҚА САЛЫҚТАР БОЙЫНША АЛДЫН-АЛА ТӨЛЕМ

	2025 ж. 30 маусым (аудиттелмеген)	2024 ж. 31 желтоқсан
Өтеуге жататын қосылған құн салығы	10.971.679	6.970.310
Басқа салықтар бойынша алдын-ала төлемдер	5.716	272.007
	10.977.395	7.242.317

Өтеуге жататын қосылған құн салығы ағымдағы активтер ретінде танылады, өйткені Топ жыл сайын бұл соманы салық комитетінен өтеуге ұсынады.

18. АҚША ҚАРАЖАТЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ БАЛАМАЛАРЫ

	2025 ж. 30 маусым (аудиттелмеген)	2024 ж. 31 желтоқсан
Бастапқы өтеу мерзімі үш айдан аз банктердегі мерзімді салымдар	208.540.886	176.386.549
Шетел банктеріндегі ағымдағы шоттар	54.763.820	68.307.884
Қазақстан банктеріндегі қысқа мерзімді салымдар	10.567.919	6.866.863
АҚШ-тың бастапқы өтеу мерзімі үш айдан аз қазынашылық вексельдері	2.028.154	4.730.192
Есептелген сыйақы	284.763	296.687
Кассадағы ақша қаражаттары	57.160	40.433
	276.242.702	256.628.608
Құнсыздану бойынша резерв	(6.755)	(6.301)
	276.235.947	256.622.307

Ақша қаражаты мен оның баламалары келесі валюталарда көрсетілген:

	2025 ж. 30 маусым (аудиттелмеген)	2024 ж. 31 желтоқсан
АҚШ доллары	256.244.357	243.498.758
Еуро	2.437.112	3.139.108
Теңге	12.835.108	6.762.892
Үнді рупиясы	2.590.405	1.358.985
Ағылшын фунт стерлингі	796.088	765.085
Өзгелер	1.332.877	1.097.479
	276.235.947	256.622.307

19. МЕНШІКТІ КАПИТАЛ

2025 жылғы 30 маусымдағы жағдай бойынша жарғылық капитал жарияланған, шығарылған және толық төленген 354.511.264 жай акциялардан (2024 ж. 31 желтоқсанында: 351.887.760 жай акциялар) тұрды. Жай акциялардың иелері мезгілімен жарияланатын дивидендтерді алуға құқылы, сонымен қатар «бір акция –бір дауыс» ережесі бойынша Топ отырыстарында дауыс беруге құқылы.

Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес, Компанияның таратуға арналған резервтерінің мөлшері ХҚЕС-на сәйкес дайындалған Топтың қаржылық есептілігінде танылған бөлінбеген пайда сомасымен шектеледі. Егер меншікті капитал теріс болса немесе бөлу Топтың теріс капиталына немесе төлем қабілетсіздігіне әкелетін болса, таратуға жол берілмейді.

2025 жылғы 30 маусымдағы жағдай бойынша Топтың бөлінбеген кірісі ағымдағы жылдың табысын қоса алғанда 100.311.983 мың теңгені құрады (2024 жылы 31 желтоқсан: 113.985.260 мың теңге), ал Топтың жиынтық капиталы 192.012.179 мың теңгені құрады (2024 жылы 31 желтоқсан: 207.171.647 мың теңге).

2025 жылғы 31 мамырда өткен акционерлердің жылдық жалпы жиналысында жай акцияға 53,7 теңге және төрт акцияға тең бір жаһандық депозитарлық қолхатқа 214,8 теңге мөлшерінде жай және арнайы дивидендтерді төлеу мақұлданды. 2025 жылғы 30 маусымда аяқталған алты ай ішінде Компания 19.070.084 мың теңге (37.253 мың АҚШ доллары) дивидендтік берешекті есептеп, төледі. 2024 жылғы 30 маусымда аяқталған алты ай ішінде дивидендтер жарияланбаған.

2024 жылғы 10 қаңтарда қолданыстағы акциялар 306.000.000 акцияға бөлініп, қосымша 60.000.000 акция шығаруға рұқсат етілді.

19. МЕНШІКТІ КАПИТАЛ (жалғасы)

2025 жылғы 30 маусымдағы жағдай бойынша жарияланған, бірақ шығарылмаған акциялардың саны 9.473.685 дана.

2025 жылғы 14 наурызда Компания өзінің жай акциялары мен осы акцияларды білдіретін жаһандық депозитарлық қолхаттарды кері сатып алу жөніндегі екінші бағдарламасын жариялады. Бағдарламаның мақсаты – қызметкерлерді ынталандыру бағдарламалары шеңберіндегі Компанияның міндеттемелерін орындау.

2025 жылғы 30 маусымдағы жағдай бойынша қазынашылық акциялардың жалпы саны 2.212.638 акцияны құрайды.

Негізгі бір акцияға есептелген пайда есепті кезеңдегі пайдаға немесе залалға және 2025 жылғы 30 маусымда аяқталған алты айлық кезең ішіндегі айналымдағы орташа өлшенген жай акциялар санына негізделген. 2024 жылғы 30 маусымда аяқталған алты айлық кезең бойынша салыстырмалы деректер есепті кезеңдегі пайдаға немесе залалға және жаңартылған айналымдағы жай акциялар санына негізделген. Компанияда әлеуетті түрде кірісті төмендететін құралдар жоқ.

Компанияда кірісті төмендететін әлеуеті бар құралдар бар, оларға акциялар негізінде есеп айырысу бағдарламалары кіреді.

2025 жылғы 30 маусымдағы жағдай бойынша меншікті акциялардың жалпы көлемі 1.279.289 дана.

	2025 ж. 30 маусымында аяқталған үш ай кезең (аудиттелме- ген)	2024 ж. 30 маусымында аяқталған үш ай кезең (аудиттелме- ген)	2025 ж. 30 маусымында аяқталған алты ай кезең (аудиттелме- ген)	2024 ж. 30 маусымында аяқталған алты ай кезең (аудиттелме- ген)
Есепті кезеңнің пайдасы	9.242.446	7.411.998	5.396.807	2.191.461
Негізгі бір акцияға шаққандағы пайда есептеу үшін пайдаланылған айналымдағы жай акциялардың орташа өлшенген саны	354.350.337	343.772.542	354.350.337	343.772.542
Бір акцияға шаққандағы пайда – негізгі және әлеуетті төмендетілген (теңге)	26,084	21,561	15,230	6,375

Қызметкерлердің меншікті капиталға қатысу бағдарламалары 2025 жылғы 30 маусымда аяқталған алты айдағы акцияға шаққандағы пайдаға азайтатын әсері жоқ.

Акцияның баланстық құны

2010 жылғы 4 қазандағы KASE шешіміне сәйкес қаржылық есептілік KASE бекіткен қағидаларға сәйкес есептелген есепті күнге бір акцияның (жай және артықшылықты) баланстық құны туралы деректерді қамтуы тиіс.

	2025 ж. 30 маусым (аудиттелмеген)	2024 ж. 31 желтоқсан
Барлық активтер	1.046.667.723	952.063.811
Шегеру: материалдық емес активтер	(3.387.014)	(3.160.112)
Шегеру: жалпы міндеттемелер	(854.655.544)	(744.892.164)
Таза активтердің құны	188.625.165	204.011.535
Орналасырылған жай акциялар саны	354.511.264	351.887.760
Акцияға шаққандағы баланстық құн (теңгемен)	532,071	579,763

20. АКЦИЯЛАРҒА НЕГІЗДЕЛГЕН ТӨЛЕМДЕР

Топ қызметкерлерге берілетін жалпы сыйақы пакетінің бөлігі ретінде акцияларға негізделген төлем бағдарламаларынан пайдаланады. Бұл бағдарламалар Топ белгілі бір тиімділік мақсаттарына қол жеткізген жағдайда қызметкерлерге акцияларды тегін беретін акцияларды марапаттау жоспарларын қамтиды. Барлық жоспарлар өз акцияларымен есеп айырысуды көздейді.

ІРО премиясы

ІРО бонустық жоспары негізгі басқарушы персоналға беріледі. ІРО өтемақы жоспары ешқандай қосымша шарттарсыз орындауды жалғастырған жағдайда ІРО жарияланған күннен бастап бір жылдан кейін құқық беруді көздейді. ІРО бонусы аясында берілген сыйақылардың әділ құны есепті күндегі акцияның нарықтық құнына негізделген. Бағдарлама 2025 жылдың бірінші тоқсанында аяқталды.

Ұзақ мерзімді ынталандыру жоспары

Ұзақ мерзімді ынталандыру жоспары (LTIP) - негізгі басқарушы персоналға толық жыл нәтижелерін жариялағаннан кейін ұсынылатын жаңартылатын жоспар, әр сыйақы жоғарылатылған өнімділік шарттарына қол жеткізуге байланысты болып, 2026 жылдың соңындағы көрсеткішке қатысты таза пайда маржасы сыйақының 60%-ын және сыйақы сомасының 40% - ы Компания акционерлерінің жалпы табысы («TSR») басқа авиакомпаниялар тобымен салыстырғандағы көрсеткіштеріне негізделеді. Сыйақының жалпы мөлшері қызмет шарттарын орындаумен анықталады. Жоспар он жылдықта аяқталады. LTIP сыйлығы бойынша берілген марапаттардың әділ құны 722,30 теңге (1,39 АҚШ доллары) сомасындағы есепті күнгі акцияның нарықтық құнына негізделген.

LTIP шеңберінде берілген сыйақылардың әділ құны есепті күні TSR көрсеткіші үшін биномдық модельді (Кокс-Росс-Рубинштейн биномдық моделі) және Монте-Карло келесі болжамдармен EPS көрсеткіштері үшін модельдеу:

Модельдегі енгізу деректері**Ұзақ мерзімді ынталандыру жоспары**

Акцияның нарықтық құны	1,39
Күтілетін құбылмалылық	2,86%
Күтілетін дивидендтер	Дивидендтерді төлеу ешқандай әсерін тигізбейді
Тәуекелсіз пайыздық мөлшерлеме (АҚШ қазынашылық вексельдеріне негізделген)	3,85%

Күтілетін құбылмалылық Топ акцияларының кірістілігінің құбылмалылығы ретінде пайдаланылатын ұқсас компаниялардың орташа құбылмалылығы негізінде анықталды. 2025 жылғы 30 маусымдағы жағдай бойынша 2024–2026 және 2025–2027 жылдарға арналған бағдарламалар бойынша EPS және TSR көрсеткіштерінің орташа өлшенген мәндері тиісінше 60,14% және 57,32% құрайды (2024 жылғы 30 маусым: 72%; нөл).

Қызметкерлерге арналған акцияларға иелік ету жоспары

Қызметкерлердің акцияларға меншік құқығы жоспары (ESOP) осы құқыққа ие қызметкерлерге ұсынылады. ESOP жоспары ІРО-ға шыққан күннен бастап бір жыл өткен соң, ешқандай қосымша қызметтік шарттарсыз жұмысты жалғастыру шартымен құқықтардың берілуін көздейді. Бағдарлама 2025 жылдың бірінші тоқсанында аяқталды.

2025 жылғы 30 маусымда аяқталған алты ай ішінде үлестік құралдармен есеп айырысу негізінде акциялармен байланысты төлемдер бойынша танылған шығыстардың жалпы сомасы 3.315.776 мың теңгені құрады, бұл сомадан 663.155 мың теңге – табыс салығына дейінгі сома болып табылады (2024 жылғы 30 маусым: 1.738.586 мың теңге, табыс салығына дейін – 347.717 мың теңге).

Қызметкерлерге берілген акцияларға құқықтарды бағалау күніне әділ құны құқықтардың берілу кезеңі (1 және 3 жыл) ішінде пайда мен залал туралы ықшамдалған шоғырландырылған аралық есептің «Қызметкерлер мен экипаж құрамының шығыстары» құрамында шығыс ретінде танылады. Тиісті жазба капиталдағы өзгерістер туралы ықшамдалған шоғырландырылған аралық есептің «Басқа резервтер» бағанында көрсетіледі.

21. БОЛАШАҚ КЕЗЕҢДЕРДІҢ КІРІСТЕР

	2025 ж. 30 маусым (аудиттелмеген)	2024 ж. 31 желтоқсан
Тасымалдау бойынша болашақ кезеңдердің кірістері	65.031.387	38.755.743
Клиенттердің сенімділігі бағдарламасы бойынша резерв	8.467.014	8.399.660
	73.498.401	47.155.403

Болашақ кезеңдер кірістерінің бастапқы қалдығына қосылған ағымдағы кезеңде танылған түсім сомасы 47.155.403 мың теңгені құрады.

Тасымалдау бойынша болашақ кезеңдердің кірістері пайдаланылмайды немесе қайтарылмайды деп күтілетін сатылған билеттер пайызына қатысты жолаушылар тасымалы бойынша танылған кірістерді есептемегенде, қолданылу мерзімі әлі аяқталмаған пайдаланылмаған жолаушылар билеттерінің құнын білдіреді.

Клиенттердің сенімділігі бағдарламасы бойынша болашақ кезеңдердің кірістеріне «Nomad Club» бағдарламасы бойынша есептеулер де кіреді.

22. ӘУЕ КЕМЕЛЕРІНЕ ТЕХНИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУГЕ РЕЗЕРВ

	2025 ж. 30 маусым (аудиттелмеген)	2024 ж. 31 желтоқсан
Қозғалтқыштар бойынша резерв	154.993.023	141.207.855
D-чекке резерв	12.767.555	11.660.593
Әуе кемелерін қайтару бойынша резерв	3.914.968	3.586.501
Шасси	3.772.066	3.322.896
C-чекке резерв	2.958.830	3.451.023
Қосымша қоректендіру қондырғысы	2.633.536	2.251.672
	181.039.978	165.480.540

2025 және 2024 жылдың 30 маусымында аяқталған алты ай ішінде әуе кемелеріне техникалық қызмет көрсету бойынша есептелген резервтің қозғалысы келесідей:

	2025 ж. 30 маусымында аяқталған алты ай кезең (аудиттелмеген)	2024 ж. 30 маусымында аяқталған алты ай кезең (аудиттелмеген)
Кезең басында	165.480.540	115.361.873
Кезең ішінде есептелген (7-ескерту)	26.753.122	20.621.110
Кезең ішінде есептен шығарылған (7-ескерту)	(1.888.941)	(349.281)
Негізгі құралдарда танылған	278.224	389.215
Дисконтты босату	2.980.902	939.377
Кезең ішінде қолданылған	(11.008.046)	(11.275.453)
Есептілік валютасын қайта есептеу резерві	(1.555.823)	4.798.672
Кезең соңында (аудиттелмеген)	181.039.978	130.485.513

Бірқатар әуе кемесін меншік құқығынсыз жалдау шарттарына сәйкес, Топ әуе кемелеріне техникалық қызмет көрсетудің стандартты процедураларын орындауға және төлеуге міндетті, ал ұшақты жалдау мерзімі аяқталғаннан кейін жалға берушіге қанағаттанарлық жағдайда қайтаруға міндетті. Резервті есептеу үшін пайдаланылатын техникалық қызмет көрсету шығындарының есебі АҚШ долларында көрсетілген.

22. ӘУЕ КЕМЕЛЕРІНЕ ТЕХНИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУГЕ РЕЗЕРВ (жалғасы)

Бұл қорларды келесідей пайдалану жоспарлануда:

	2025 ж. 30 маусым (аудиттелмеген)	2024 ж. 31 желтоқсан
Бір жылдың ішінде	9.626.331	13.269.005
Екінші жылдың ішінде	81.573.088	55.545.086
Үшінші жылдың ішінде	23.874.340	31.852.122
Үшінші жылдан кейін	65.966.219	64.814.327
Әуе кемелеріне техникалық қызмет көрсетуге резервтің жиыны	181.039.978	165.480.540
Шегеру: ағымдағы бөлік	9.626.331	13.269.005
Ұзақ мерзімді бөлік	171.413.647	152.211.535

Әуе кемелеріне техникалық қызмет көрсету резервін анықтауда маңызды пайымдаулар қолданылады. Басшылық қозғалтқыштың техникалық қызметі бойынша күтілетін жұмыстардың болжамды мерзімі мен құнын анықтау үшін тәуелсіз сарапшы жалдады. Тәуелсіз сарапшының бағалауы әуе кемесінің техникалық жағдайына, тарихи ұшу сағаттары мен циклдарына, меншік құқығынның жалға алудың қалған кезеңіндегі әуе кемелерінің болашақ қолданылу деңгейіне, сондай -ақ әуе кемесінің жалдау мерзімі аяқталғаннан кейін жалға берушіге қайтарылуы тиіс жағдайына қойылатын талаптарға негізделген.

Бағалау келесі негізгі болжамдарға негізделген:

- Ұшу сағаттары мен циклдерін пайдаланудың күтілетін коэффициенті тарихи деректерге және нақты пайдалануға негізделген;
- Ұқсас қызметтер мен қосалқы бөлшектердің нарықтық бағалары пайдаланылған;
- Әуе кемелері стандартты жағдайларда және стандартты нормалар бойынша пайдаланылады деп жорамалданады; және
- Жоспарланбаған техникалық қызмет көрсетуге резерв жасалынбаған.

2024 жылдан бастап техникалық қызмет көрсету жұмыстарын жоспарлау мерзімдерін айқындау кезінде Топ техникалық қызмет көрсетуге арналған бос слоттардың болуын ескеретін болады.

23. САУДА ЖӘНЕ ӨЗГЕ КРЕДИТОРЛЫҚ БЕРЕШЕК

	2025 ж. 30 маусым (аудиттелмеген)	2024 ж. 31 желтоқсан
<i>Қаржылық</i>		
Сауда кредиторлық берешек	50.762.592	35.722.182
Агенттерден алынған депозиттер	6.021.588	4.779.551
Қызметкерлер алдындағы берешек	4.666.367	3.541.342
Есептелген бонус сомалары	417.271	4.349.486
Пайдаланылмаған демалыс бойынша резерв	2.348.773	1.145.265
	64.216.591	49.537.826
<i>Қаржылық емес</i>		
Алынған алғы төлемдер	8.562.108	5.941.095
Төленуге жататын басқа салықтар	2.997.803	5.162.882
Зейнетақы жарналары	712.946	637.484
Өзгелер	93.536	65.114
	12.366.393	11.806.575
	76.582.984	61.344.401

23. САУДА ЖӘНЕ ӨЗГЕ КРЕДИТОРЛЫҚ БЕРЕШЕК (жалғасы)

Топтың сауда және басқа кредиторлық берешегі келесі валютада көрсетілген:

	2025 ж. 30 маусым (аудиттелмеген)	2024 ж. 31 желтоқсан
АҚШ доллары	32.049.836	21.883.959
Теңге	33.676.829	33.163.847
Еуро	6.109.927	3.205.797
Ағылшын фунт стерлингі	609.538	405.910
Өзгелер	4.136.854	2.684.888
	76.582.984	61.344.401

24. ЖАЛҒА АЛУ БОЙЫНША МІНДЕТТЕМЕЛЕР

2025 жылғы 30 маусымдағы жағдай бойынша Топтың меншік құқығын берумен белгіленген пайыздық мөлшерлемемен жалдау шарттары бойынша бес Airbus ұшағы мен үш Boeing-767 ұшағы бар (2023 жылы: бес Airbus және үш Boeing-767).

2024 жылы Топ меншік құқығын беру арқылы бес Airbus бойынша жалдау міндеттемелерін толық өтеді. Топтың жалдау міндеттемелеріне белгілі бір ковенанттар кіреді. Бұл ковенанттар белгілі бір операцияларды, соның ішінде, бірақ олармен шектелмей, Топтың жалпы берешек сомасын шектеуді тыйым салады. Меншік құқығын беру арқылы жасалған кейбір жалдау шарттарында Топтың меншіктік үлесінің өзгеруіне қатысты ковенанттар көзделген. Аталған талаптар 2025 жылғы 30 маусым мен 2024 жылғы 31 желтоқсан жағдайы бойынша сақталды.

Жоғарыда сипатталғандардан басқа барлық әуе кемелерін жалға алу шарттары жалдау мерзімі аяқталғаннан кейін сатып алу құқығынсыз жасалған.

Топтың жалдау міндеттемелері жалға берілетін активтерге жалға берушінің құқығымен қамтамасыз етілген. Бұл активтердің баланстық құны 2025 жылғы 30 маусымдағы жағдай бойынша 519.680.049 мың теңгені құрайды (аудиттелмеген) (2024 жылғы 31 желтоқсанда: 466.995.381 мың теңге) (10-ескерту).

Топтың жалдау міндеттемелері негізінен АҚШ долларымен көрсетілген.

24. ЖАЛҒА АЛУ БОЙЫНША МІНДЕТТЕМЕЛЕР (жалғасы)

Міндеттемелердің өзгерісі мен қаржылық қызмет бойынша ақша ағындарын салыстыру

	Несилер	Жалдау бойынша міндеттемелер	Барлығы
2025 ж. 1 қаңтардағы баланс	302.988	466.644.777	466.947.765
Қаржылық қызметтен болған ақша қаражаттарының қозғалысына байланысты өзгерістер			
Қайтарымды жалға беру арқылы сату нәтижесінде алынған қосымша қаржыландырудан түскен қаражат	2.739.854	–	2.739.854
Жалға алу бойынша міндеттемелерді өтеу	–	(49.216.607)	(49.216.607)
Қайтарымды жалға беру арқылы сату нәтижесінде алынған қосымша қаржыландыру бойынша төлемдер	(107.267)	–	(107.267)
Төленген пайыздар	(59.189)	(15.921.043)	(15.980.232)
Қаржылық қызметтен болған ақша қаражаттарының қозғалысына байланысты өзгерістер жиыны	2.573.398	(65.137.650)	(62.564.252)
Шетел валюталарын айырбастау бағамдары өзгеруінің әсері	–	69.096	69.096
Басқа өзгерістер			
Есептілік валютасын қайта есептеу бойынша резерв	123.545	(3.662.996)	(3.539.451)
Жаңа жалдау мен модификация	–	102.268.898	102.268.898
Пайыздық шығыстар (8-ескерту)	59.189	17.241.975	17.301.164
Кепілдік депозиттермен есепке жатқызуға байланысты қолма-қол ақшасыз төлем	–	(240.958)	(240.958)
Басқа өзгерістер жиыны	182.734	115.606.919	115.789.653
2025 ж. 30 маусымындағы баланс	3.059.120	517.183.142	520.242.262

	Несилер	Жалдау бойынша міндеттемелер	Барлығы
2024 ж. 1 қаңтардағы баланс	187.279	326.780.002	326.967.281
Қаржылық қызметтен болған ақша ағындарына байланысты өзгерістер			
Қарыз қаражаты бойынша төлемдер	(17.000.000)	–	(17.000.000)
Алынған қарыздар	17.000.000	–	17.000.000
Жалға алу бойынша міндеттемелерді өтеу	–	(38.775.990)	(38.775.990)
Төленген пайыздар	(232.493)	(10.799.118)	(11.031.611)
Қосымша қаржыландыру бойынша төлемдер	(91.494)	–	(91.494)
Қаржылық қызметтен болған ақша ағындарына байланысты өзгерістер жиыны	(323.987)	(49.575.108)	(49.899.095)
Айырбастау бағамдары өзгеруінің әсері	185.501	13.729.904	13.915.405
Басқа өзгерістер			
Есептілік валютасын қайта есептеу бойынша резерв	(184.280)	–	(184.280)
Жаңа жалдау мен модификация	–	89.297.667	89.297.667
Пайыздық шығыстар (8-ескерту)	234.022	11.379.882	11.613.904
Кепілдік депозиттермен есепке жатқызуға байланысты қолма-қол ақшасыз төлем	–	(1.195.771)	(1.195.771)
Мерзімнен бұрын қайтарудан болған кіріс	–	(1.248.033)	(1.248.033)
Басқа өзгерістер жиыны	49.742	98.233.745	98.283.487
2024 ж. 30 маусымындағы баланс	98.535	389.168.543	389.267.078

24. ЖАЛҒА АЛУ БОЙЫНША МІНДЕТТЕМЕЛЕР (жалғасы)

Міндеттемелердің өзгерісі мен қаржылық қызмет бойынша ақша ағындарын салыстыру (жалғасы)

2015 жылғы 1 шілдеде Топ АҚШ долларымен көрсетілген жалдау бойынша міндеттемелерінің бір бөлігін болашақта АҚШ долларымен көрсетілген ықтималдығы жоғары болашақ кезеңнің кірісін хеджирлеу ретінде белгіледі. Топ 39 ХКЕС-ке (IAS) сәйкес ақша ағындарын хеджирлеуді есепке алу моделін қолданды.

Функционалдық валютаның АҚШ долларына ауысуына байланысты, бұл хеджирлеу 2017 жылғы 31 желтоқсаннан бастап экономикалық тұрғыдан тиімді емес деп танылды. 2025 жылғы 30 маусымдағы жағдай бойынша 1.389.517 мың теңге көлеміндегі бағамдық айырмадан болған залал (2024 жылғы 31 желтоқсанда: 2.292.661 мың теңге), кейінге қалдырылған салықты шегерместен бұрын (277.903 мың теңге; 2024 жылғы 31 желтоқсанда: 458.532 мың теңге) хеджирлеудің тиімді бөлігі ретінде капиталдағы хеджирлеу резервінің құрамында танылды. Функционалдық валютаның өзгеруі нәтижесінде хеджирлеу байланысы тоқтатылды, сондықтан 2018 жылдың 1 қаңтарынан бастап шетелдік валютаны аудару бойынша пайда мен залал пайдалар мен залалдардан хеджирлеу резервіне ауыспайды, ал 2017 жылдың 31 желтоқсанында меншікті капиталда танылған хеджирлеу резерві 2025 жылға дейін жыл сайын болатын болжамды хеджирлеуді тануға сәйкес пайда немесе шығын құрамына қайта жіктеледі.

2025 жылдың бірінші жартыжылдығында ақша ағындарды хеджирлеу құралдары бойынша қайта жіктелген жүзеге асырылған таза залалдың сомасы басқа жиынтық кіріс туралы қысқартылған шоғырландырылған аралық есептегі хеджирлеу резервінен бағамдық айырмалардан болған залал құрамына 2.194.959 мың теңгені құрады (пайда салығына дейін — 438.992 мың теңге). 2024 жылғы 30 маусымда аяқталған алты ай ішінде бұл сома 2.842.819 мың теңгені құрады (пайда салығына дейін — 568.474 мың теңге).

25. ҚАРЖЫЛЫҚ ҚҰРАЛДАР

Қалыпты қызмет барысында Топ тап болатын негізгі тәуекелдерге несиелік тәуекел, пайыздық мөлшерлеменің, валюта бағамының және тауар бағасының өзгеру тәуекелі жатады. Төменде сипатталғандай, Топ тауар бағасының тәуекелінен басқа тәуекелдерді хеджирлемейді.

Капиталды басқару

Топ жақын болашақтағы үздіксіз қызметін қамтамасыз ету үшін және қарыз және меншікті қаражаттың қатынасын оңтайландыру арқылы акционерлердің кірісін барынша арттыру мақсатында капиталды басқарады. Ағымдағы 10 жылдық Топты дамыту стратегиясы 2017 жылы бекітілді және 2017-2026 жылдарды қамтиды.

Топтың капитал құрылымы таза қарыз алудан (23-ескертулерде көрсетілген несие мен қаржылық жалдау бойынша міндеттемелерді қосқанда) және Топтың капиталын (19-ескертуде көрсетілген шығарылған капиталды, функционалды валютаға аудару резервін, хеджирлеу құралдары бойынша резервті және бөлінбеген пайданы қосқанда) қамтиды.

Топ меншікті капиталға қатысты сыртқы реттеуге жатпайды.

Топта капиталдандыру коэффициентінің нақты жоспарланған көрсеткіші жоқ.

Несиелік тәуекел

Несиелік тәуекел - бұл контрагенттердің келісімшарттық міндеттемелерін орындамауы және Топтың осыған байланысты шығынға ұшырау тәуекелі. Топтың саясаты - тек несиеге қабілетті контрагенттермен жұмыс жасау және қажет болған жағдайда міндеттемелерді орындамаудан туындайтын шығындар тәуекелін төмендету үшін жеткілікті кепіл алу. Несиелік тәуекел несиелік лимиттерді белгілеу арқылы бақыланады, олар жыл сайын қаралады және тәуекелдерді басқару комитетімен бекітіледі.

25. ҚАРЖЫЛЫҚ ҚҰРАЛДАР (жалғасы)

Несиелік тәуекел (жалғасы)

Ақша қаражаттары, кепілдік депозиттері мен дебиторлық берешек сияқты қаржылық құралдардың несиелік тәуекелінің максималды тәуекелі олардың баланстық құнына негізделген.

Сауда дебиторлық берешек көптеген сатып алушылармен ұсынылған және экономиканың әр түрлі секторлары мен географиялық аймақтар бойынша бөлінеді. Топ өз дебиторларының қаржылық жағдайын үнемі бағалайды және қажет болған жағдайда дебиторлық қарызды өтеуге кепілдік беру үшін сақтандыруды алады.

2025 жылғы 30 маусымдағы жағдай бойынша сауда дебиторлық берешекке қатысты несиелік тәуекелдің айтарлықтай шоғырлануы жоқ (16-ескерту).

Топ тек беделді банктермен жұмыс жасайды және банктік шоттар мен депозиттерге несиелік тәуекелден аспайтын орналастыру лимиттерін белгілейтін ақша-инвестициялық саясатты әзірледі.

Кейбір банктер үшін несиелік тәуекелдің күшеюі нәтижесінде Топтың Директорлар кеңесі 2019 жылдың мамыр айында ақша қаражаттарын басқару саясатын бекітті және Топтың аккредиттелген банктер тізіміне енгізу үшін банктер үшін ең төменгі кредиттік рейтингтерді белгіледі және негізгі ақша қаражаттарын «BBB-» немесе одан жоғары бағаланған банктерге орналастырды. Қаржы активтерінің баланстық құны несиелік тәуекелге ұшыраудың ең жоғары деңгейін білдіреді.

2024 жылғы 30 маусымдағы жағдай бойынша, жергілікті банктердегі ағымдағы шоттарының көпшілігі Fitch рейтингтік агенттігі тағайындаған «BBB-» жоғары несиелік рейтингі бар қазақстандық банктерге орналастырылды.

2025 жылғы 30 маусымдағы жағдай бойынша Басшылық өткен жылдың соңымен салыстырғанда ірі банктер мен борышкерлердің несиелік тәуекелдерінде айтарлықтай өсім болған жоқ деп есептейді.

Пайыздық мөлшерлеменің өзгеру қаупі

Топ белгіленген пайыздық мөлшерлемен қарыз алғандықтан, пайыздық мөлшерлеменің өзгеру тәуекеліне ұшырамайды.

Валюталық тәуекел

Топ АҚШ долларынан басқа валютадағы сату және сатып алу операциялары кезінде валюталық тәуекелге ұшырайды. Валюталық тәуекел негізінен теңгеге қатысты туындайды. Шетел валютасында көрсетілген активтер мен міндеттемелердің баланстық құны 22-ескертулерде ашылған.

Топ басшылығы валюталық тәуекел тұрғысынан осы жағдайда Топтың экономикалық тұрақтылығын сақтау үшін барлық қажетті шараларды қабылдайды деп есептейді.

25. ҚАРЖЫЛЫҚ ҚҰРАЛДАР (жалғасы)

Валюталық бағамдардың өзгеруіне сезімталдықты талдау

Топ негізінен АҚШ долларының теңгеге қатысты бағамының өзгеру тәуекеліне ұшырайды.

Есепті күнге шетел валютасында көрсетілген Топтың қаржылық активтері мен қаржылық міндеттемелерінің баланстық құны келесі түрде ұсынылған. Бұл ақпарат басқа шетел валютасында көрсетілген активтер мен міндеттемелер баптарын қамтымайды, себебі олардың жиынтық сомалары Топтың ықшамдалған шоғырландырылған аралық қаржылық ақпаратына айтарлықтай әсер етпейді.

		2025 ж. 30 маусым	2025 ж. 30 маусым	2024 ж. 31 желтоқсан	2024 ж. 31 желтоқсан
		Теңге	Еуро		
Ескерту	(аудиттелмеген)	(аудиттелмеген)		Теңге	Еуро
Активтер					
Басқа салықтар бойынша алдын-ала төлем	16	10.977.395	–	7.242.317	–
Сауда және өзге дебиторлық берешек	15	17.507.191	937.950	7.594.666	607.027
Табыс салығы бойынша алдын-ала төлем		7.657.415	–	6.825.905	–
Ақша қаражаты мен банк есепшоттарындағы қалдықтар	17	12.835.108	2.437.112	6.762.892	3.139.108
Кепілдік депозиттері		177.197	159.010	169.611	154.907
Барлығы		49.154.306	3.534.072	28.595.391	3.901.042
Міндеттемелер					
Сауда және басқа кредиторлық қарыздар	23	33.676.829	6.109.927	33.163.847	3.205.797
Жалдау міндеттемелері		5.291.494	–	4.146.794	–
Барлығы		38.968.323	6.109.927	37.310.641	3.205.797
Валюталық таза позиция		10.185.983	(2.575.855)	(8.715.250)	695.245

2025 жылғы 30 маусымдағы жағдай бойынша келесі кестеде Топтың АҚШ долларының теңгеге қатысты 10%-ға (2024 жылы 31 желтоқсан: 10%) және еуроға қатысты 10%-ға (2024 жылы 31 желтоқсан: 10%) құнсыздануына және АҚШ долларының теңгеге қатысты 10%-ға (2024 жылы 31 желтоқсан: 10%) және еуроға қатысты 10%-ға (2024 жылы 31 желтоқсан: 10%) нығаюына Топтың сезімталдығы көрсетілген.

Сезімталдық талдауы жоғарыда көрсетілген сезімталдық коэффициенттерін қолдана отырып, оларды түзету арқылы кезеңнің соңында қол жетімді шетел валютасындағы ақшалай сомаларды ғана қамтиды. Сезімталдық талдауына сауда және басқа дебиторлық қарыздар, ақша қаражаты мен оның баламалары, банктердегі депозиттер, сауда кредиторлық берешегі, пайда мен залал арқылы әділ құны бойынша көрсетілетін қаржы активтер мен міндеттемелер, несиелер мен қаржылық жалдау бойынша міндеттемелер кіреді.

Теріс сан пайда мен шығынның төмендеуін көрсетеді, оң сан пайда мен шығынға керісінше әсер етеді.

	АҚШ долларының әлсіреуі		АҚШ долларының нығаюы	
	Теңге	Еуро	Теңге	Еуро
2025 ж. 30 маусым	10%	10%	10%	10%
Пайда/(залал)	814.879	(206.068)	(814.879)	206.068
	АҚШ долларының әлсіреуі		АҚШ долларының нығаюы	
	Теңге	Еуро	Теңге	Еуро
2024 ж. 31 желтоқсан	10%	10%	10%	10%
(Залал)/пайда	(697.220)	55.620	697.220	(55.620)

25. ҚАРЖЫЛЫҚ ҚҰРАЛДАР (жалғасы)

Валюталық бағамдардың өзгеруіне сезімталдықты талдау (жалғасы)

Топ сауда және басқа дебиторлық берешек, ақша қаражаты мен банк шоттарындағы қалдықтар, банктердегі депозиттер, кепілдікті депозиттер, сауда және басқа кредиторлық берешек, пайда мен залал арқылы әділ құны бойынша көрсетілетін қаржы активтер мен міндеттемелер, несиелер мен қаржылық жалдау бойынша міндеттемелер көрсетілген шетел валюталарының бағамдарының өзгерісін бақылау арқылы валюталық бағамдардың өзгеру тәуекелін шектейді.

Өтімділік тәуекелін басқару

Өтімділік тәуекелі - ақша қаражатын немесе басқа қаржы активін беру арқылы жабылатын қаржы міндеттемелері бойынша міндеттемелерді орындау кезінде қиындық туындау тәуекелі. Топтың өтімділікті басқару тәсілі қолайсыз шығындарға жол бермеу және Топтың абырой қаупін төндірмеу арқылы, мүмкіндігінше, Топтың қалыпты және стресстік жағдайлардағы өз міндеттемелерін уақытылы өтеуге жеткілікті өтімді қаражаттың болуын қамтамасыз ету арқылы жүзеге асыралады.

Өтімділік тәуекелін басқару жауапкершілігі Топ басшылығының айрықша құзыретіне жатады. Топ тиісті резервтерді пайдалану арқылы өтімділік тәуекелін басқарады, сондай-ақ ақшалай қаражаттардың қозғалысын тұрақты мониторингілеу және болжау және қаржы активтері мен міндеттемелерінің өтеу мерзімдерін сәйкестендіру жолымен басқарады.

Сыйақы мөлшерлемелерінің және өтімділік кестелері

Келесі кестелерде Топтың туынды емес қаржылық міндеттемелері мен активтері бойынша келісімшарт бойынша өтелуі көрсетілген. Кестелер келесіге негізделген:

Топтан төлеуді талап етуге болатын ең ерте мерзімге негізделген қаржылық міндеттемелер бойынша ақша ағындарының дисконтталмаған қозғалысы.

	<u>3 айға дейін</u>	<u>3 айдан 1 жылға дейін</u>	<u>1-5 жыл</u>	<u>5 жылдан жоғары</u>	<u>Барлығы</u>
2025 ж. 30 маусым					
(аудиттелмеген)					
Қаржылық активтер					
Пайызсыз					
Сауда және өзге дебиторлық берешек	23.108.391	933.793	523.277	—	24.565.461
Кепілдікті депозиттер	334.129	2.031.792	5.530.529	15.493.586	23.390.036
Ақша қаражаты мен оның баламалары	276.235.947	—	—	—	276.235.947
Қаржылық міндеттемелер					
Пайызсыз					
Сауда және өзге кредиторлық берешек	58.583.174	6.439.899	—	—	65.023.073
Бекітілген мөлшерлемесімен					
Жалдау бойынша міндеттемелер	32.205.728	96.670.188	401.983.631	93.602.753	624.462.300
Қарыздар	76.387	237.995	1.505.917	1.238.821	3.059.120

25. ҚАРЖЫЛЫҚ ҚҰРАЛДАР (жалғасы)

Сыйақы мөлшерлемелерінің және өтімділік кестелері (жалғасы)

	3 айға дейін	3 айдан 1 жылға дейін	1-5 жыл	5 жылдан жоғары	Барлығы
2024 ж. 31 желтоқсан					
Қаржылық активтер					
Пайызсыз					
Сауда және өзге дебиторлық берешек	10.175.056	747.757	330.819	—	11.253.632
Кепілдікті депозиттер	323.468	1.377.363	5.532.558	14.806.527	22.039.916
Ақша қаражаты мен оның баламалары	256.622.307	—	—	—	256.622.307
Қаржылық міндеттемелер					
Пайызсыз					
Сауда және өзге кредиторлық берешек	40.467.077	4.779.551	—	—	45.246.628
Бекітілген мөлшерлемесімен					
Жалдау бойынша міндеттемелер	30.620.214	88.363.411	354.459.752	89.577.990	563.021.367
Қарыздар	12.603	42.009	251.003	91.894	397.509

Әділ құн

Ақша қаражаты мен оның баламалары

Ақша қаражаты мен банк есепшоттарындағы қалдықтардың баланстық құны олардың әділ құнына жуықтайды, себебі олар қысқа мерзімді немесе сыйақыларды қосады және дисконтталмайды.

Жанармай колл-опциондары

Топ авиакеросин бағасының тәуекелін хеджирлеу үшін опциондарды пайдаланады. Топ жанармайды хеджирлеу мақсатында стандартты нарық құралдарын пайдаланады, мысалы, «колл опциондары» (мұнда тауар бағасының алдын ала белгіленген деңгейден жоғары көтерілу тәуекелін жабу үшін Топ алдын ала сыйлықақы төлейді). Колл опционын жеткізушілерден сатып алынатын авиакеросиннің баға тәуекелін хеджирлеу мүмкін болмағандықтан, Топ бірнеше халықаралық банктермен туынды құралдар туралы негізгі келісімге қол қою арқылы Қазақстан Республикасынан тыс сатып алынған жанармайдың мөлшерін ғана хеджирлейді. Мәміле жасамас бұрын Топ басшылығы хеджирлеуге жататын авиакеросиннің мөлшерін анықтайды. Хеджирлеу Топтың директорлары мен акционерлері бекіткен Отынды хеджирлеу саясатына сәйкес жүзеге асырылады. Топ регрессиялық талдау арқылы авиакеросин мен Brent маркалы мұнай бағасының тарихи қозғалысын талдау арқылы хеджирлеу құралы мен хеджирленетін бап арасындағы экономикалық байланысты анықтайды. Алынған Бета статистикалық маңыздылығы үшін бағаланады және хеджирлеу факторы ретінде пайдаланылады.

Хеджирлеудің тиімсіздігі үнемі өзгеріп отыратын экономикалық жағдайларға байланысты жоғары ықтимал авиакеросиндік мәміленің орындалмауы мүмкіндігіне қатысты.

Топтың қаржы активтері мен қаржылық міндеттемелерінің әділ құны бақыланатын ағымдағы нарықтық бағаларды және ұқсас құралдар бойынша дилерлік баға ұсыныстарын пайдалана отырып, дисконтталған ақша ағындарын талдау негізінде жалпы қабылданған баға үлгілеріне сәйкес анықталады.

Пайда немесе залал арқылы әділ құны бойынша бағаланатын 2-деңгейдегі қаржы активтері мен міндеттемелерінің әділ құны әдетте хеджирлеу операцияларына қатысатын банктер ұсынатын әділ құн туралы есептерді пайдалана отырып есептеледі. Бұл бағалау тәсіліне ең маңызды кіріс жабуға қалған уақыт, Brent мұнайының болжамды құбылмалылығы, форвардтық және споттық мұнай бағасы болып табылады.

Топтың әділ құн иерархиясының 1-3-деңгейлеріне топтастырылған, әділ құны бойынша бастапқы танудан кейін бағаланған басқа қаржылық және қаржылық емес құралдары жоқ.

25. ҚАРЖЫЛЫҚ ҚҰРАЛДАР (жалғасы)

Әділ құн (жалғасы)

Кепілдікті депозиттер

Кепілдікті депозиттер амортизацияланған құны бойынша танылады. Басшылық баланстық құн олардың әділ құнына шамамен тең деп есептейді.

Сауда және өзге дебиторлық әрі кредиторлық берешектер

Дебиторлық және кредиторлық берешек бойынша өтеу мерзімі алты айдан аз болған жағдайда, әділ құн баланстық құнынан айтарлықтай ерекшеленбейді, өйткені уақыт өте келе ақша құнының әсері маңызды емес. Ab-initio бағдарламасы бойынша дебиторлық берешек бастапқыда әділ құны бойынша танылады, кейін амортизацияланған құны бойынша ескеріледі. Басшылық баланстық құн олардың әділ құнына шамамен тең деп есептейді.

Қарыздар

Қарыздар амортизацияланған құны бойынша танылады. Басшылық баланстық құн шамамен әділ құнға тең деп есептейді.

Жалдау бойынша міндеттемелері

Жалдау бойынша міндеттеме бастапқыда жалдау шартында жасырын пайыздық мөлшерлемені немесе, егер бұл мөлшерлемені оңай анықтау мүмкін болмаса, Топтың қосымша қарыз мөлшерлемесін пайдалана отырып дисконтталған, басталу күні төленбеген жалдау төлемдерінің дисконтталған құны бойынша бағаланады. Әдетте Топ дисконттау мөлшерлемесі ретінде қосымша қарыз мөлшерлемесін пайдаланады.

26. ӘДІЛ ҚҰНДЫ БАҒАЛАУ

Топтың есеп саясатының белгілі бір ережелері мен бірқатар ашып көрсетулер қаржылық активтер мен міндеттемелердің әділ құнын бағалауды талап етеді.

Топ әділ құнды бағалау жүйесіне қатысты бақылау жүйесін енгізді. Осы жүйе аясында барлық маңызды әділ құн бағалауларын, соның ішінде 3-деңгейдегі бағалауларды бақылауға жалпы жауап беретін бағалау тобы жұмыс істейді.

Қаржы бөлімі маңызды бақыланбайтын бастапқы деректер мен бағалау түзетулерін тұрақты түрде тексеріп отырады. Егер әділ құнды бағалау үшін үшінші тарап ақпараты (мысалы, брокерлік котировкалар немесе баға қызметтері) пайдаланылса, бағалау тобы бұл бағалаулардың ХҚЕС талаптарына, оның ішінде әділ құн иерархиясының тиісті деңгейіне сәйкестігін растау мақсатында үшінші тараптан алынған дәлелдерді бағалайды.

Егер активті немесе міндеттемені әділ құнмен бағалау кезінде пайдаланылатын бастапқы деректер әділ құн иерархиясының әртүрлі деңгейлеріне жатқызылуы мүмкін болса, онда әділ құнның жалпы бағасы осы бағалауға маңызды болып табылатын ең төменгі деңгейдегі деректерге сәйкес деңгейге жатқызылады.

Топ осы өзгеріс орын алған есепті кезеңнің аяқталу күніне әділ құн иерархиясының деңгейлері арасындағы аударымдарды таниды.

2025 және 2024 жылғы 30 маусымдағы жағдай бойынша Топтың барлық активтері, жанармайға қатысты колл-опциондарды қоспағанда, амортизацияланған құн бойынша бағаланды.

26. ӘДІЛ ҚҰНДЫ БАҒАЛАУ (жалғасы)

Активтің немесе міндеттеменің әділ құнын бағалау кезінде Топ мүмкіндігінше бақыланатын нарықтық деректерді қолданады. Әділ құнды бағалау нәтижелері әділ құн иерархиясының деңгейлеріне сәйкес тиісті бағалау әдістерінде пайдаланылатын бастапқы деректерге байланысты жіктеледі:

- 1-деңгей: белсенді нарықтарда бірдей активтер мен міндеттемелер бойынша қолжетімді (түзетілмеген) баға котировкалары;
- 2-деңгей: 1-деңгей бағаларына кірмейтін, бірақ бағалау үшін тікелей (яғни, бағалар түрінде) немесе жанама (яғни, бағалар негізінде анықталған) бақыланатын бастапқы деректер;
- 3-деңгей: нарықта бақыланбайтын бастапқы деректерге негізделген активтер мен міндеттемелер бойынша ақпарат (бақыланбайтын бастапқы деректер).

Егер активті немесе міндеттемені әділ құнмен бағалау кезінде қолданылатын бастапқы деректер әділ құн иерархиясының әртүрлі деңгейлеріне жатқызылса, онда мұндай бағалау жалпы алғанда бастапқы деректердің ең төменгі деңгейіне жатады, егер бұл деректер жалпы бағалауға елеулі әсер етсе.

27. ШАРТТЫ МІНДЕТТЕМЕЛЕР**Капиталды міндеттемелер**

2011 жылы Топ «Boeing» компаниясымен үш «Boeing 787-8» ұшағын сатып алу туралы келісімге қол қойды. Топтың келісілген кестеге сәйкес алдын ала төлемдерді төлеуге міндеттемелері бар.

Топтың жоғарыда көрсетілген жеткізушілермен келісімшарт талаптары әуе кемелерін сатып алу құнын ашу мүмкіндігін болдырмайды.

Болашақ міндеттемелер*Әуе кемелері*

Әуе кемелері бойынша лизинг шарттары 4 жылдан 12 жылға дейін созылады. Барлық жалдау шарттары, егер тараптар жалдау шарттарын созу туралы шешім қабылдаған жағдайда, нарықты қайта қарау туралы ережелерді қамтиды. Топ жалдау мерзімінің соңында жалға алынған ұшақтарды сатып алуға опционы болмай қалуы мүмкін.

Бекітілген және өзгеретін айналмалы жалдау төлемдері АҚШ долларымен деноминацияланып, төленуге тиіс. Бұл валюта әуе кемелерін жалдау кезінде халықаралық есеп айырысуларда күн сайын пайдаланылады.

2025 жылдың екінші жартыжылдығы мен 2026 жыл аралығында жеткізілетін әуе кемелерін жалдау бойынша міндеттемелер:

	2025 ж. 30 маусым (аудиттелмеген)	2024 ж. 31 желтоқсан
Бір жылдың ішінде	5.149.215	15.272.299
Бір жылдан кейін, бірақ бес жылдан астам емес	296.943.547	405.568.183
Бес жылдан астам	436.990.696	494.337.504
	739.083.458	915.177.986

2022–2024 жылдар аралығында Топ Boeing 787, Airbus 321LR, A321Neo, A320Neo, A320ceo және бюджеттік тасымалдаушы конфигурациясындағы A320neo ұшақтарын жеткізуге арналған 40 әуе кемесіне тапсырыс беріп, тиісті жалдау шарттарына қол қойды. Жеткізілімдер 2022 жылдан 2028 жылға дейінгі кезеңге жоспарланған. 2024 жылы бір A321neo, алты A320neo, екі A320ceo, бір A321ceo ұшағы жеткізілді, сондай-ақ екі Embraer E190-E2 ұшағы қайта жеткізілді.

27. ШАРТТЫ МІНДЕТТЕМЕЛЕР (жалғасы)

Болашақ міндеттемелер (жалғасы)

Әуе кемелері (жалғасы)

Сонымен қатар, 2024 жылы алты A320ceo және екі A320neo ұшағы бойынша жалдау мерзімі ұзартылды.

2025 жылғы 30 маусымда аяқталған алты айлық кезең ішінде екі Airbus 320Neo, екі Airbus 320Ceo және екі қосымша бюджеттік конфигурациядағы Airbus 320Neo ұшағы жеткізілді, ал екі Embraer E190-E2 ұшағы қайта жеткізілді.

Сондай-ақ, 2025 жылы екі Airbus A320ceo ұшағы бойынша жалдау мерзімі ұзартылды

Сақтандыру

Авиациялық сақтандыру

Топ әуе кемелерді қолдану бойынша сақтандыру өтеліміне зор көңіл бөледі, сондықтан қаржылық тұрақтылық бойынша жоғары рейтингіне ие халықаралық сақтандыру нарықтарының көбісінде (мысалы, Lloyds) авиациялық тәуекелдерді орналастырады.

- Әуе кемесі, қосалқы бөлшектері мен жабдықтарына келтірілген мүліктік залал бойынша «Барлық Тәуекелдер» авиациялық сақтандыруы;
- Тасымалдаушының жолаушылар алдындағы азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру;
- Соғыс және соған байланысты тәуекелдер салдарынан әуе кемесіне, оның ішінде қосалқы бөлшектерге келтірілген мүліктік залал бойынша авиациялық сақтандыру;
- Соғыс әрекеттері, әуе кемесін заңсыз басып алу (ұшақты ұрлау) және соған байланысты тәуекелдер нәтижесінде үшінші тұлғалар алдындағы азаматтық-құқықтық жауапкершілік бойынша авиациялық сақтандыру.

Сақтандырудың басқа түрлері

Авиациялық сақтандыру өтелімінен басқа Топ мүлік пен жалпы міндеттемелеріне зиянның қаржылық тәуекелін төмендету және жазатайым оқиғаларға ұшыраған қызметкерлерге өтемақы төлеу әрі медициналық шығынды өтеу үшін сақтандыру полистерін үнемі сатып алып тұрады

- Қызметкерлерді медициналық сақтандыру;
- Компания директорлары мен лауазымды тұлғаларының жауапкершілігін сақтандыру;
- Мүлікті сақтандыру;
- Компанияның көлік құралдарын толық сақтандыру;
- Қызметтік міндеттерін орындау кезінде жұмыскерлерді жазатайым оқиғалардан сақтандыру;
- Ұшқыштардың лицензиясынан айырылуына әкелген жазатайым оқиға жағдайында ерікті сақтандыру;
- Қоймадағы тауарларды сақтандыру;
- Кибертәуекелдерді сақтандыру.

27. ШАРТТЫ МІНДЕТТЕМЕЛЕР (жалғасы)

Салықтық шартты міндеттемелер

Қазақстан Республикасының салық жүйесі салыстырмалы түрде жаңа бола отырып, заңнамадағы, ресми жарияланымдардағы және сот шешімдеріндегі әртүрлі салық органдарының әртүрлі түсіндіруіне алып келетін анық емес түрде баяндалған және қарама-қайшы жиі өзгерістермен сипатталады, оған ХҚЕС стандарттарына сәйкес табыс, шығын және қаржылық есептіліктің басқа баптарын есепке алу пікірлері кіреді. Салықтардың дұрыс есептелгендігін тексерумен және тергеумен елеулі айыппұлдар салуға және өсімпұлдар өндіріп алуға құқығы бар реттеуші органдар айналысады. Есепті кезеңнің салығының дұрыс есептелуі салық органдарының тексеруі үшін келесі күнтізбелік бес жылдың ішінде ашық болып қалады, алайда, кейбір жағдайларда бұл мерзім созылуы мүмкін.

Басшылық қолданылатын салық заңнамасының, нормативті талаптардың және сот шешімдерінің түсіндірмелеріне негізделі отырып, салық міндеттемелерін толық көлемде көрсеткеніне сенімді. Алайда әртүрлі реттеуші органдардың салық заңнамасының талдамасы Топ басшылығының көзқарасынан айрықша болуы мүмкін екендігін ескере отырып, реттеуші органдар тарапынан Топқа қатысты әрекет етудің мәжбүрлі шаралары қолданылған жағдайда, олардың бұл ықшамдалған аралық шоғырландырылған қаржылық есептілікке әсері елеулі болуы мүмкін.

Топтың функционалдық валютасы АҚШ доллары болып табылады, себебі бұл валюта тиісті операциялардың, оқиғалар мен Компанияның міндеттемелерінің экономикалық салдарларын барынша нақты көрсетеді. Қазақстан Республикасының Салық кодексінде теңгеден басқа функционалдық валютаның қолданылуын түсіндіретін ережелер жоқ. Соған қарамастан, Салық кодексі Қазақстан Республикасының барлық салық төлеушілерін теңгемен салық міндеттемелерін есептеуге және төлеуге міндеттейді. Сондықтан белгілі пайымдауды қолдану арқылы Топ салық және салық салу мақсаттары үшін теңгемен есеп жүргізіп, есептейді. Басшылық бұл тәсіл қолданыстағы заңнама талаптарында барынша лайықты болып табылады деп есептейді.

Операциялық орта

Қазақстанның болашақ даму бағыты елеулі дәрежеде мемлекеттің экономикалық, салық және ақша-кредит саясатына, қабылданатын заңдар мен нормативтік құқықтық актілерге, сондай-ақ елдегі саяси жағдайдың өзгерістеріне байланысты. Қазақстан мұнай мен газды айтарлықтай көлемде өндіретін және экспорттайтын мемлекет болғандықтан, оның экономикасы әлемдік нарықтағы мұнай мен газ бағасына ерекше сезімтал.

Теңге бағамының төмендеуі, әлемдік нарықтағы мұнай бағасының құбылмалылығы және геосаяси қақтығыстар да бизнес ортасындағы белгісіздік деңгейін арттырып отыр. Ұсынылған шоғырландырылған аралық қаржылық ақпарат басшылықтың бизнес жағдайларының Топтың қызметі мен қаржылық жағдайына әсері туралы көзқарасын білдіреді. Болашақ бизнес жағдайларының нақты әсері басшылықтың бағалауынан өзгеше болуы мүмкін.

28. БАЙЛАНЫСТЫ ТАРАПТАРМЕН ОПЕРАЦИЯЛАР**Басшылыққа сыйақы**

Топтың қызметін басқаруға, бақылауға және жоспарлауға өкілеттігі мен жауапкершілігі бар негізгі басшылық кезең ішінде қызметкерлерге жұмсалатын шығындарда көрсетілген келесі сыйақыны алды:

	2025 ж. 30 маусымында аяқталған алты ай кезең (аудиттелмеген)	2024 ж. 30 маусымында аяқталған алты ай кезең (аудиттелмеген)
Жалақы және бонустар	3.359.304	2.603.847
Акцияларға негізделген төлемдер	741.409	615.177
Еңбек келісімшартын тоқтату бойынша төлемдер	—	120.582
Әлеуметтік салық	354.862	239.704
	4.455.575	3.579.310

Байланысты тараптармен операциялар

Байланысты тараптар Топтың акционерлерін және осы акционерлер жеке немесе бірге акциялардың бақылау пакетіне ие барлық басқа компанияларды қамтиды.

Топ мемлекеттік органдарға, агенттіктерге және мемлекет бақылайтын кәсіпорындарға авиакөлік қызметтерін ұсынады. Топ тауарлар мен қызметтерді сатып алу және сату үшін сатып алу және бекіту процесін әзірледі. Бұл операциялар мемлекеттің тікелей бақылауына кірмейтін басқа кәсіпорындарға қызметтер көрсетумен салыстырылатын шарттарда топтың әдеттегі операциялық қызметі барысында жүргізіледі.

Келесі операциялар байланысты тараптармен операциялар ретінде ашып көрсетуді талап етеді:

	2025 ж. 30 маусымында аяқталған алты ай кезең (аудиттелмеген)	2025 ж. 30 маусым (аудиттелмеген)	2024 ж. 30 маусымында аяқталған алты ай кезең (аудиттелмеген)	2024 ж. 31 желтоқсан (аудиттелмеген)
	Операция сомасы	Есеп айырысулар бойынша қалдық	Операция сомасы	Есеп айырысулар бойынша қалдық
Алынған қызметтер				
Акционерлер және акционерлердің еншілес компаниялары	46.349.290	1.346.907	16.344.171	(2.352.172)
Мемлекеттік компаниялар	14.411.696	(376.219)	35.969.504	1.141.086
	60.760.986	970.688	52.313.675	(1.211.086)

Байланысты тараптардан алынған қызметтер әуежайлардың қызметі, навигациялық қызметтермен және метеорологиялық қамсыздандырумен көрсетілген.

	2025 ж. 30 маусымында аяқталған алты ай кезең (аудиттелмеген)	2025 ж. 30 маусым (аудиттелмеген)	2024 ж. 30 маусымында аяқталған алты ай кезең (аудиттелмеген)	2024 ж. 31 желтоқсан (аудиттелмеген)
	Операция сомасы	Есеп айырысулар бойынша қалдық	Операция сомасы	Есеп айырысулар бойынша қалдық
Топ көрсеткен қызметтер				
Акционерлер және акционерлердің еншілес компаниялары	331.011	55.602	275.099	99.228
	331.011	55.602	275.099	99.228

Байланысты тұлғалармен есеп айырысулар бойынша барлық қалдықтар есепті күннен кейін алты ай ішінде ақша қаражатымен реттелуі тиіс. Осы берешектің барлығы қамтамасыз етілмеген.

28. БАЙЛАНЫСТЫ ТАРАПТАРМЕН ОПЕРАЦИЯЛАР (жалғасы)

Үкіметпен байланысты кәсіпорындармен операциялар

Топ Қазақстан Республикасының Үкіметі бақылайтын бірқатар кәсіпорындармен жұмыс істейді. Топ Қазақстан Республикасының Үкіметімен байланысты кәсіпорындармен жасалған операцияларды жеңілдетіп ашуға мүмкіндік беретін «Байланысты тараптар» 24 ХҚЕС (IAS) ұсынатын босатуды қолданады.

Топ Қазақстан Республикасының Үкіметімен байланысты кәсіпорындармен операциялар жасайды. Бұл операциялар Топтың әдеттегі қызметтерінің бір бөлігі болып табылады және Қазақстан Республикасының Үкіметімен байланысты емес кәсіпорындармен өзара әрекеттесу талаптарына сәйкес талаптарда жүзеге асырылады.

29. ЕСЕПТІ КҮННЕН КЕЙІНГІ ОҚИҒАЛАР

Топта есепті күннен кейін маңызды оқиғалар болған жоқ.

30. ЫҚШАМДАЛҒАН ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН АРАЛЫҚ ҚАРЖЫЛЫҚ АҚПАРАТТЫ БЕКІТУ

Бұл ықшамдалған шоғырландырылған аралық қаржылық ақпаратты Топ басшылығы мақұлдап, 2025 жылғы 5 тамызда шығаруға бекітті.